



**Түркістан облысының білім басқармасының  
Созақ ауданының білім бөлімінің  
«Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Шолаққорған ауылы, Созақбай Тоқпанбетов, ғимарат 1 А  
Email: [sholakkoghan@mail.ru](mailto:sholakkoghan@mail.ru)  
Телефон: +77254642549

## **Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданы білім бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2023 жылдың қыркүйек айының 1-і мен қыркүйек айының 15-і күндері аралығында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Алимбекова Гулсара Сейтхановна – мектеп директоры, комиссия төрағасы;  
Төлегенов Жақангер Беласарұлы – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, төраға орынбасары;

Бекжігітова Гулмира Оразбекқызы – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Қайдакешов Төлеген Өзгелдіұлы – тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Жекенова Әсел Серікбайқызы - ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Нұрмағанбетов Әсет Асетиллақызы – шаруашылық ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Аманбекова Гүлнара Мтсбекқызы - педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Атажанова Қатира Балғабайқызы – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Әлімбекова Венера – қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Жанмолдаева Зәуре – орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Сарыбайқызы Көркем – ағылшын тілі пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Батқиева Айнұр – тарих пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Қойжанова Роза – география пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Жұмабаева Ақмарал - химия-биология пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі; Ибраева

Айнұр – физика, информатика пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Сыздықбекова Жанар - математика пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Оспанова Гүлмира – бастауыш сыныптар бойынша пән бірлестік жетекшісі комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына

бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Нәзір Төрекұлов атындағы IT-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау кезеңіне 2023 -2024 оқу жылы қамтылды (бұдан әрі – бағаланатын кезең).

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқубағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау**

<b>Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер</b>
<b>Мекеменің толық атауы:</b> Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп)
<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері:</b> Индекс 161000, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созакбай Токпанбетов көшесі, №1 А үй, БСН: 050740000492
<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері:</b> 8 (72546) 4-25-49, <a href="mailto:sholakkorghan@mail.ru">sholakkorghan@mail.ru</a> ,
<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:</b> Байс Мамырғали Құрманбекұлы, Созақ ауданының білім бөлімінің 31.01.2024 жылғы № 19 бұйрығымен Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып тағайындалуына байланысты барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына бекітілген. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог-шебер. Педагогикалық еңбек өтілі 34 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 4 ай
<b>Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:</b> <b>Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі:</b> Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаменті тарапынан 2023 жылы 07 қарашада берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 05.07.2005 жыл. БСН - 050740000492 <b>Кәсіпорынның қатысушысы:</b> «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. <b>Кәсіпорынның уәкілетті органы</b> – Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімі болып табылады. <b>Білім беру ұйымының жарғысы:</b> Түркістан облысының әкімдігінің «28» тамыз 2023 жылғы №180 қаулысымен бекітілген.
<b>Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).</b> <b>Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы:</b> Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 03.06.2024 жылғы №KZ51LAA00036434 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген. <b>Алғашқы берілген күні:</b> 05.09.2006 жыл.

## **«Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарихы**

Созақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №110 қаулысы бойынша «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шолаққорған» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып, қайта құрылған.

Мектеп-лицейде қазіргі таңда жалпы 0-11 сыныптарда 1552 оқушы оқиды. Оның ішінде бастауыш 594, МАД тобы-106, негізгі-671, жоғары-181 оқушы оқиды. Қазіргі таңда жалпы 166 педагог, оның ішінде 1 шебер, 63 зерттеуші, 21 сарапшы, 22 модератор білім беріп келеді.

2024 жылдың ақпан айынан бастап қазіргі күнге дейін Нәзір Төрекұлов атындағы атындағы ІТ-мектеп-лицейінде Байс Мамырғали Құрманбекұлы директорлық қызметін атқарып келуде.

Қазіргі таңда мектептің әдістемелік құрамына 12 пән бірлестігі жұмыс атқарды. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Қазақ тілі
2. Орыс тілі,
3. Ағылшын тілі.
4. Бастауыш сынып.
5. Химия, биология
6. Математика,
7. Физика, информатика
8. Тарих
9. География.
10. Дене шынықтыру, АӘТД
11. Көркем еңбек, музыка
12. МАД

Білім мекемесінде жұмыс жасайтын педагог кадрлардың 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» медалінің, 3-уі ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісінің, 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасының», 3-уі «Алғыс хат» иелері.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар аудандық, облыстық, республикалық түрлі білім сайыстарының, ғылыми жобалар жарыстарының, олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мектептің мәжіліс залында білім алушылар мен мұғалімдер үшін түрлі мектепшілік, аудандық, облыстық пікірсайыс ойындары, дөңгелек үстелдер, семиналаларлар, конференциялар өткізіліп тұрады. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында мектепте баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, теннис, шахмат, дойбы және сурет салу шеберлігі, шешендік өнер, ақпараттық технологиялар бойынша пәндік үйірмелер жұмыс жүргізеді.

Білім алушылар үшін мектепте 1 лингофонды-мультимедиялық, 3 компьютерлік сынып оқу үдерісінде қолданатын компьютерлер, ноутбук, моноблоктар, нетбуктармен қамтамасыз етілген. Мультимедия кабинеттері, интерактивті тақта қондырғылары, сонымен қатар, 2 спорт зал, 200 орындық мәжіліс залы, кітапхана, асхана, буфет жұмыс жасайды.

**Миссиясы:** Инновациялық ақпараттандыру кеңістігі арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде отбасы және мектеп коммуникативтілігін қалыптастыру.

**Пайымы:** Оқу мен оқытуды тәрбиемен сабақтастыру негізінде оқушылардың АКТ күзiреттілігін өмірде қолдану дағдысы мен зерттеушілік қабілетті, функционалды сауатты тұлға

**Құндылықтар:** Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілік қалыптасқаны, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін құндылығы қалыптасқан тұлға

### **Мақсаттары:**

#### **Мектепті дамытудың басым бағыттары**

1. Білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын, аралас және гибридті оқытуды жан-жақты қолдана алу;
2. Заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады.
3. Білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту және мектеп педагогының мәртебесін арттыру;
4. Білім беру мазмұнын жаңарту және оқушыларды тәрбиелеу арқылы білім беруді жаңғырту;
4. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

### **Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарындағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығының 3- қосымшасы негізінде бекітілген мектепалды даярлық сыныптарының үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешілері түрлі педагогикалық іс-әрекетті дайындық сыныбының күн тәртібі бойынша іске асырады: таңертеңгі қабылдау, ертеңгілік жаттығу, балалармен қарым-қатынас жасау, сабақтар, серуендер, гигиеналық және шынықтыру шаралары, еңбек, сюжетті-рөлдік, шығармашылық, дидактикалық және қимылды ойындар, ата-аналармен жұмыс.

Мектепалды дайындық сыныптарында оқу жылының ұзақтығы -33 апта.

Сабақтардың ұзақтығы – 25-30 минут.

Апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі -20 сағат.

\*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік

оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

#### **Мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары (5 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылы**

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме					
			0 «А»	0 «Ә»	0 «Б»	0 «В»	0 «Г»	0 «Ғ»
1	Дене шынықтыру		3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын						
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын						
	Қазақ тілі		2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын						
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын						
4	Математика негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын						
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын						
6	Сурет салу		1 сағат	1 сағат	1 сағат	1 сағат	1 сағат	1 сағат
	Мүсіндеу							
	Жапсыру							
	Құрастыру							

7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Музыка		2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Музыка****	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
8	Барлығы		20 сағат	20 сағат	20 сағат	20 сағат	20 сағат	20 сағат

**2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:**

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499, бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1-косымшасына сәйкес жүргізілді.

Мектепте мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының міндеттерін орындау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылып отырды.

Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 109 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 31.08.2023ж. мектеп директорымен бекітілді. Барлығы 5 жасқа толған. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді. Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы(5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылы 1 тамыз - 05 қыркүйек аралығында 6 топқа топтастырылды.

МДС - та 2023-2024 оқу жылында 107 бала оқыды. Өлшемшарттың 9 косымшасына сәйкес 2022- 2024 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалынып, көшірмесі коса берілді. Талдау нәтижесі : Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) - 100%.

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша ағымдағы 2023- 2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталмады.

МАД аптасына 5 күндік (толық күн болу) жұмыс жасайды, жұмыс уақыты сағат 08:30-дан 11:00- ге дейін, 11.30-дан 13:30-ге дейін, 13:30-дан 17:00-ге дейін.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған 3 сынып кабинеті бар. Онда баланың жас ерекшелігіне сай сабақ құралдары мен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған. Мектепалды тобы үш сынып бөлмесінен тұрады. Сынып бөлмелерінде оқу тәрбиелік мақсаттарға сай құрал - жабдықтар бар. Күнделікті оқу тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдыктармен, оқушы столы, мұғалім столы, орындықтар, шкафтар, магнитті тактамен жабдықталған. Терезелері металопластиктен жасалып, жалюзилер ілінген. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Қол жуу құралдарымен қамтылған. Тәрбиеленуші бала ойын элементтерінен құралған тапсырмалар арқылы дамып өсетінін айтарболсақ, ойын жиынтығы, машиналар, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, 20-25 бөлшекті пазлдар, мозаика, 100 бөлшекті пазлдар, дамытушы үстел ойындары бар. Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарындаштар. Ағаш

немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегігер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап, уақыттарын тиімді өткізеді. Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық - педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалып келеді. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық - техникалық, санитарлық – гигиеналық, психологиялық - педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген, Пәндік - дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс - әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған.

Балалардың толыққанды физикалық даму үшін мектептің спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрмелі доптар, секіртпелер, шеңбер және т.б.) балалардың және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, түрлі паздар, лото, кірпіштер, әр түрлі үстел ойындарының жиынтығы жеткілікті.

Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі - ҰББДК) мектепалды даярлық сыныбына арналған оқу кабинетінің бар екендігі көрсетілген. Мектепте МАД сыныптарда баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған. Балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Мектептегі МАД сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы фотосуреттер қоса берілді.

Талдау **нәтижесі:** Мектепалды даярлық сыныбына қажетті жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 85%.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етілген. Ол туралы әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес мектеп директорының қолы мен мөрімен расталған кесте сайтқа орналастырылды. 2023-2024 оқу жылында білім беру үдерісінде тіл дамыту, жазу, санау, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және басқаларды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешендер қолданылатынын ескере отырып, даярлық топ оқушыларының санына қарай «Әліппе-дәптерлер» ата-аналардың демеушілігімен сатып алынды.

Талдау **нәтижесі:** Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу - әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету - 100%.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (занды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр

аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2-тарау «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» бойынша 20 - тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және бағдарламасы толық көлемде іске асырылуда.

Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2023-2024 оқу жылдарында жоғары білімді 6 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырады.



**Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер «Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі»  
КММ мектепалды сынып жетекшілері туралы мәлімет 2023-2024 оқу жылы**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Биғондиева Бақыткүл Шерниязқызы	Тажибекова Жанар Жупарбаевна	Имшова Торғын Әбдіжаппарқызы	Жарымбетова Рысты Есейқызы	Бабажанова Марал Кәрімбекқызы	Шойтанова Мира Пернебайқызы
Туған жылы, айы, күні	15.10.1967	01.07.1971	25.11.1978	10.05.1989	09.07.1983	02.05.1983
Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі	Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі
Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және / немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық, қайта даярлау	Жоғары "Қайнар" университеті педагогика және психология мамандығы ЖБ №034955г	Жоғары Қазақстан халықтар Достығы университеті Педагогика және Бастауыш мектепке оқытудың әдістемесі ЖБ №0186811	Жоғары Оңтүстік Қазақстан педогогикалық институты Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б№1071437	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ВД№00020242887	Жоғары Орталық Азия Инновациялық Университеті Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ВД№00024230873	Аймақтық әлеуметтік инновациялық университет Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ЖБ-Б№1604032
Тану туралы куәліктік бойынша мәліметтер (куәлік, № мерзімі)	-	-	-	-	-	-
Санат берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмері	-	-	Педагог-модератор 2023ж	-	-	-
Штат бірлігі	1 жүктеме	1 жүктеме	1 жүктеме	1 жүктеме	1 жүктеме	1 жүктеме
Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың нөмері	-	-	29.08.2023ж№288 29.08.2028ж	-	-	-
Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мерзімі	ПШО 14.09.2022 347966e95	ПШО 09.08.2022 2f81166a0	ПШО 10.08.2021 MD№005	ПШО 30.07.2019 MD№001620	ПШО 9.08.2022 2f818920a	ПШО 28.09.2022 3627727e
Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Шымкент қ. Филиалы	Шымкент қ. Филиалы	Шымкент қ. Филиалы	Шымкент қ. Филиалы	Шымкент қ. Филиалы	Шымкент қ. Филиалы
Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)	27.06.2023 25.08.2024	09.08.2023 08.08.2024	27.07.23ж 17.07.2024ж	09.03.2023 14.08.2024	21.07.2023 24.0.2024	17.08.2023 17.08.2024

Мектепалды даярлық сыныптың тәрбиешілері баланың жеке даму картасының «Түзету іс- шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс жасаған карталарын толтырған. Сондай-ақ баланың жеке даму картасының «Бастапқы» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын мазмұнын айқындау жұмыстарын, даму мониторингінің кестесін талапка сай іс жүзінде жүргізіліп отырады.

МАД топтарының 2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің мониторинг нәтижелерінің бақылау парақтары сайтқа салынды, баламен жұмыс жүргізген жеке даму картасы жасалды. Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтарымен қоса баланың жеке даму картасына енгізу толық іске асырылды. «Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындар мен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан. «Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жаңарту, қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білімі саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұтастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екенін түсінеді. Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алады. Сурет салуда әр түрлі техниканы пайдалана алады. Қазақтың ою-өрнектерін таниды. Ою өрнектермен ұлттық киімді сала алады. Ұжымдық жұмыстарды орындайды. Ойынан сурет сала алады. Мүсіндеудің әр түрлі әдістерін қолдана алады. Ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу қабілеттері қалыптасқан. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды, ою-өрнекпен әшекелей алады. Бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады. Құрастыру барысында жеке және топпен жұмыс жасай алады.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

«Әлеумет» білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс тәсілдерді қолданып нәтижеге жеткен.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелерін талдау: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің « Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму

деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес әр топтың тәрбиеленушісіне жеке даму картасы жасалды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытта жүргізіліп отырды. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз ете отырып, оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылып отырды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бес дағдылары бойынша нәтижелері талданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында көрсетілді. Сонымен қатар, аралық, қорытынды бақылаулардан күтілетін нәтижелерден баланың білік, дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелері бақылау парағына енгізілді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жас кезіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне сай жүргізіледі.

***Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары***

**Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы**

**3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгертілген) (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі; (өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)**

*Мектеп бағаланатын кезеңге (2023-2024 оқу жылы) және 2024 жылдың наурыз айына дейінгі өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.*

**2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары 2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1 -қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары және оқыту қазақ тілінде жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары 4 – қосымшасы басшылыққа алынды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 - 4 сынып оқушылары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023ж №264 бұйрықтың 53 - қосымшасы, 10 тарау үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл –ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.**

Білім алушылардың дайындық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.



Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Сабақтардың ұзақтығы – (белгіленген уақытқа шейін 1-сыныпта 35 минут) 45 минут.

Апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі :

1 –сыныптарда -19,5 сағат және үйден оқу 12,5; 2 –сыныптарда – 24 сағат; үйден оқыту -14 сағат, 3- сыныптарда - 26 сағат, үйден оқыту -14 сағат, 4-сыныптарда -26 сағат.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2-сыныптан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

1-4 сыныптарда вариативті компонент сағаттары көркем жазу мен қызықты математика пәніне, берілді. Осы пәндер бойынша оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту негізгі бағыт болып алынды.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «30» 09 № 412 бұйрығына ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 19-қосымша басшылыққа алынды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 5-9 сынып оқушысы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 12.08.2022ж №365 бұйрық, 55- қосымшасы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағат, үйде оқыту – 10 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, үйден оқыту 10 және 18 сағат; 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды. Лицей сыныптарында 5 сыныпта – 33,5 сағат, 6 сыныпта – 33,5 сағат, 7 сыныпта – 35,5 сағат, 8 сыныпта – 37,5 сағат, 9 сыныпта – 40 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен жаһандық құзыреттілік курсы 5-8 сыныптар үшін оқу жүктемесінің көлемі аптасына 0,5 сағат- оқу жылында сәйкесінше -17 сағат және 9-11 сыныптарда - аптасына -1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Сабақтардың ұзақтығы – 45 минут.

### **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 85,86 - қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38,39-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша (38 қосымша) жаратылыстану-математика бағыт бойынша (39 қосымша) жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023ж №264 бұйрықтың 53 - қосымшасы, 10 тарау үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл –ой кемістігі бар басшылыққа алынды.

Жаратылыстану-математикалық пәндерін жоғары сыныптарда оқытуды күшейту мақсатында «Физика», «Химия», «Биология» пәндері бойынша жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарындағы жүктемеге өзгерістер енгізілді. Сағаттардың ұлғаюы инварианттық бөлікте (1 сағат) жүргізілді, сондықтан қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептерде 10-11-сыныптарда бұл пәндер бойынша апталық жүктеме аптасына 2 сағатты құрайды.

Міндетті оқу пәндері қатарына "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті", "Шетел тілі", "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика",

"Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел тілі", "Дүниежүзі тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

10-11-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды.

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыс оқу жоспарына сай құрастырылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалды, сабақ кестесін мектеп директоры бекіткен және мектептің ата-аналар комитетінің төрағасымен келісілді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

**«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

*Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау:* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «30 » 09 № 412 бұйрығына ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 19-қосымша басшылыққа алынды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 5-9 сынып оқушысы

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 12.08.2022ж №365 бұйрық, 55-қосымшасы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағат, үйде оқыту – 10 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, үйден оқыту 10 және 18 сағат; 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды. Лицей сыныптарында 5 сыныпта – 33,5 сағат, 6 сыныпта – 33,5 сағат, 7 сыныпта – 35,5 сағат, 8 сыныпта – 37,5 сағат, 9 сыныпта – 40 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен жаһандық құзыреттілік курсы 5-8 сыныптар үшін оқу жүктемесінің көлемі аптасына 0,5 сағат- оқу жылында сәйкесінше -17 сағат және 9-11 сыныптарда - аптасына -1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Сабақтардың ұзақтығы – 45 минут.

### **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 85,86 - қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38,39-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша (38 қосымша) жаратылыстану-математика бағыт бойынша (39 қосымша) жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023ж №264 бұйрықтың 53 - қосымшасы, 10 тарау үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл –ой кемістігі бар басшылыққа алынды.

Жаратылыстану-математикалық пәндерін жоғары сыныптарда оқытуды күшейту мақсатында «Физика», «Химия», «Биология» пәндері бойынша жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарындағы жүктемеге өзгерістер енгізілді. Сағаттардың ұлғаюы инварианттық бөлікте (1 сағат) жүргізілді, сондықтан қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептерде 10-11-сыныптарда бұл пәндер бойынша апталық жүктеме аптасына 2 сағатты құрайды.

Міндетті оқу пәндері қатарына "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті", "Шетел тілі", "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді.

***Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)***

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптар арасында 72 сынып комплектісі және мектеп алды даярлық тобы бойынша 6 топ, 1-4 сыныптар саны 31 сынып, 5-11 сыныптар 41 сынып жұмыс жасады. 2023-2024 оқу жылында, өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша жұмыстар **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін мына төмендегі жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша ата-аналармен тығыз байланыс жасап **«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ»** орталығы құрылып, жылдық жұмыс жоспары жас ерекшеліктеріне қарай 1-4, 5-9 және 10-11 сыныптар бойынша жасалып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша «Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларының жылдық жұмыс жоспары жасалып жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында АПБ мен бірлескен жұмыс жоспары жасалып, мектеп инспекторымен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында айына бір түрлі мәселелер бойынша жиналыстар өткізіліп, хаттамалары түзілген. Құқық бұзушылық мәселесі күрделі болғандықтан кезектен тыс жиналыстар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сабаққа уақытында келуін, беймезгіл уақытта жүрмеуін, кәмелеттік жасқа толмағандардың көлік құралдарын басқаруға болмайтыны, балалар арасында әлімжеттік жасамау керектігін оқушыларға түсіндіріліп, дүйсенбі күнгі мектеп жиынында үнемі айтылып отырды.

Оқушылардың күзгі, қысқы және көктемгі демалыстарында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

2023-2024 оқу жылында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында жиналыстар өткізіліп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларға жолда жүру ережелері жиналыс өткізіліп таныстырылып, сыныптар бойынша сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар табиғат апаттарының алдын-алу мақсатында оқу-жаттығу іс-шаралары өткізілді.

«30-шы тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» мерекесіне орай 2023 жылы 23-39 тамыз аралығында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара аясында кітапханада Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне орай арнайы бұрыш дайындалып, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні аясында «Ата заңым айбыным» тақырыбында ашық алаңы өткізілді. Ашық алаңын ұйымдастырып өткізген Тарих пәні бірлестігінің жетекшісі А.Батхиева және кітапханашы А.Құлатаева.

2023-2024 оқу жылының «1 қыркүйек Білім күні» аясында «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында алғашқы қоңырауға арналған салтанатты мектеп жиыны өткізілді. 1-11 сыныптар бойынша «Мектебім – мейірім мекені!» атты сынып сағаттарын өткізді. «1 қыркүйек Білім күніне» орай «Мектеп-мейірбандық мекені» тақырыбындағы республикалық челленджі аясында сыныптар берілген тақырыптар бойынша бейнероликтер дайындап ақпарат желісіне жариялады.

5. Олимпиадаға оқушыларды дайындау резервтерін жасақтау, жоспарлау жұмыстарын қолға алу.
6. Сыныптан тыс жұмыстарды жандандыру.
7. Өз пәні бойынша білім жетілдіру курсына баруды уақытылы ұйымдастыру.

### **Жаңа оқу жылының міндеттері:**

1. Жаңа ақпараттандыру технологиясын, интерактивті тақтаны, мультимедиялық дәрісханада электронды оқулықтарды пайдалана отырып, сабақтар өту.
2. Аудандық және облыстық байқауларға оқушыларды дайындау.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар дайындау.
4. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау.
5. Озық тәжірибені насихаттау, тарату.
6. «Алтын ұрпақ», «Золотое руно», «Ясаутану» байқауларына оқушылар дайындау.

7. Мұғалімдер арасында аудандық пәндік олимпиадаларға, түрлі байқауларға бірлестік мұғалімдерін қатыстыру.
8. Тамыз пед оқуларына пән мұғалімдері арасында баяндама дайындау.
9. Жаңартылған бағдарлама бойынша курстарға баратын мұғалімдерге кесте құру.

### **Математика пәні бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары жайлы есебі**

2023-2024 оқу жылында математика пән әдіс бірлестігі «Білім беру үдерісінде жаңа әдістерді меңгере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру» тақырыбын негізге ала отырып, жұмыстар атқарды. Бірлестіктің мақсаты мен міндеттері айқындалып, жұмыс жоспары бекітілген. Бірлестік жұмысы негізгі 7-бөлім бойынша жұмыс жасада .

#### **1.Өткен оқу жылына талдау жасалып , кемшіліктер нақтыланып 2023-2024 оқу жылында міндеттер бөлініп берілді.**

Жыл басында 12 мұғалім жұмыс жасады ,оның 1 мұғалімі жас маман.

Олар :

к/с	Мұғалімнің аты-жөні	санаты
1	Төлепбергенова Күлзипа	<b>педагог -зерттеуші</b>
2	Үсенова Патима	<b>педагог –сарапшы</b>
3	Сыздықбекова Жанар	<b>педагог –сарапшы</b>
4	Абдиева Аққайың	<b>модератор</b>
5	Шүленбаева Үміткүл	<b>педагог –сарапшы</b>
6	Тынысбекова Марал	<b>педагог –сарапшы</b>
7	Сағындықова Ақмарал	<b>модератор</b>
8	Сүлейменова Айнұр	<b>педагог -зерттеуші</b>
9	Сұлтанбаева Ұлдана	-
10	Амангелдиева Гүлжазира	<b>модератор -</b>
11	Аңшыбай Назгүл	<b>модератор</b>
12	Төкен Асқар	

Жыл басында сағаттар бөлініп , жылдық жоспар бекітіліп жұмыс жасады.

Қазіргі таңда сол жоспарға сай ағымдағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келді. Пән мұғалімдердің дерлігі сабақ жоспары өз деңгейінде жазылып ,білім лендте сабақ жоспарлары енгізілді.

#### **2.Педагогикалық шеберлігін арттыру .**

Жаңартылған білім мазмұны бойынша 12-мұғалім де сертификатталған.

Сыздықбекова Ж . «Функционалды сауаттылық. 5-6 сынып оқушыларына математика пәнінен факультатив курсы» бойынша авторлық бағдарламасы, Тынысбекова М. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған ПИЗА тапсырмалары және шығарылу жолдары» тақырыбындағы авторлық бағдарламалары мектепшілік таратылды.

#### **3.Оқушылардың білім деңгейін арттыру**



Пән мұғалімдерінің дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары жасалынған.

Жыл бойына пән мұғалімдерінің ашық сабақтар кестесі түзілген ,кесте бойынша сабақтар өз деңгейінде өтуде .

### Оқушылардың арасында өткен аудандық пәндік олимпиадада

	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Аудандық пәндік олимпиада	Пән мұғалімі
2023-2024	Қамысбай Мерейлім	9 «Ә»	1-орын	Сыздықбекова Ж.

с	Жарыс атауы	Оқушы аты-жөні	сыныбы	Жетекшісі	марапаты
	Алтын сақа	Орынбек Абай	6 Г	Сыздықбекова Ж.	3-орын
		Амантай Айсара	5 В	Тынысбекова М.	1-орын
	Алтын түлек	Болатбек Ақмаржан	10 А	Шүленбаева Ү.	1-орын
Ауыл олимпиадасы		Боранбек Анел		10Б	1-кезеңнен-1-орын, 2-кезеңнен-3 орын
		Болатбек Димаш	11 А	Төлепбергенова К.	1-кезеңнен-1-орын,
		Қамысбай Мерейлім	9 Ә	Сыздықбекова Ж.	1-кезеңнен-1-орын,
Кенгуру - математика барлығы үшін		Мақсатұлы Ұлар	8 В	Шүленбаева Ү.	1- орын
		Қамбарбек Ардана		Шүленбаева Ү.	1-орын

#### 4. Жас мамандармен жұмыс

Бірлестікте 1 жас маман жұмыс жасауда . Төкен Асқар жетекшісі Сүлейменова А. Жас мамандар сабақта оқушыларға әр түрлі тапсырмалар мен АКТ пайдаланып, сабақтар өтіп өз белсенділігін көрсете білді.

#### 5 . Дәрісханалардың оқу материалдық базасын нығайту .

Математика пәні бойынша 3 дәрісхана жұмыс жасауда.Олар :

86 -дәрісхана жетекшісі Сүлейменова А.

87 дәрісхана жетекшісі Сұлтанбаева Ұ.

88 дәрісхана ауданымызға белгілі физик-математик Қаппар Әубәкірұлы атында, жетекшісі Сағындықова А .

Дәрісхана толық жабдықталған.Әдістемелік көмекші құралдары ,электронды оқулықтар барлық сыныптар бойынша жинақталған.

**6. Пән бойынша жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарындағы атқарылып жатқан жұмыстары.**Математика пәні бойынша ақысыз 2 үйірме жұмыс жасайды.

1. «Математика-менің досым» 7-9 сынып пән мұғалімі Аңшыбай Н.
2. «Математика кең өрісті ғылым» 10-11 сынып ,пән мұғалімі Сүлейменова А

Әр тоқсан бойынша пән әдіс бірлестігінің отырыстары уақтылы жүргізіліп, хаттамалары түзілген.

### **Міндеттері:**

1. Жалпыға міндет стандартқа сәйкес оқу бағдарламасының талаптарын орындау;
2. Аудан көлемінде пән бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және басшылық жасау.
3. Жас мамандармен жұмыс жүргізу, әдістемелік көмек беру.
4. Шығармашыл мұғалімдерінің педагогикалық іс-тәжірибесін зерттеу, жинақтау, тарату.
5. Шығармашылық топ және тірек мектептерінің жұмыстарын жандандыру.
6. Пәндер бойынша семинарлар, тренингтер дөңгелек үстелдер өткізу.
7. Пән бойынша мұғалімдерге білім жетілдіру курстарын ұйымдастыру.
8. Ғылыми пәндерді оқытуға айрықша мән беру, оқыту мазмұнын жаңарту.
9. Оқыту мен білім берудің сапасыны ереше мән беру, дарынды балалармен жұмысты жақсарту.
10. Жаңа педогогикалық технологияларды іске асыру.
11. Терендете оқыту, бөліп оқыту, олимпиадаға оқушыларды дайындау шараларын ұйымдастыру.
12. Курсқа дейінгі,курстан кейінгі тапсырмалармен жұмыс жүргізуді қадағалау.

**география пән әдіс бірлестігінің 2023-2024 оқу жылындағы**

**атқарған жұмыстарының**

География пән әдіс бірлестігінде алты мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді. Үшеуі педагог-зерттеуші, біреуі педагог-сарапшы, біреуі педагог-модератор, біреуі лайықты.

Аудандық ғылыми жобалар жарысында 11 Б сынып оқушысы Жалғасбек Гүлзат II орынды иеленді

Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп – лицейінде 5-9 желтоқсан аралығында география пән әдіс бірлестігінде «Жер шары – біздің ортақ үйіміз» атты география пәні апталығы болып өтті.

Апталық бірінші күні мұғалімдермен «География әлеміне саяхат» тақырыбында жәрмеңке өткізілді. Жәрмеңкеде география пәні мұғалімдері ұйымдастырған логикалық ойын сұрақтарына, ойы ұшқыр ұстаздарымыз бен оқушыларымыз өз білімдерін ортаға салып түрлі сыйлықтарға ие болды.

06.12.2023ж. 5-6 сынып оқушылары арасында жаратылыстану пәнінен мектепшілік олимпиада ұйымдастырылды. 6 сыныптар арасында олимпиадаға қатысып белсенділік танытқан оқушылар марапатталды.

Олар: 6«А» сынып оқушысы Төлебай Елдана І орын,

Аталған күні Қойжанова Роза 8 сыныптар арасында «География таңғажайыптары» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізді. Сайыста белсенділік танытқан сыныптар мақтау қағазымен марапатталы.

07.12.2023ж күні Үсенова Әлия, Кишкинбаева Ардақ, Есім Мәншүк жас мамандар арасында «Білім беру мазмұнының негізін құрайтын педагогикалық әдістерді тиімді пайдалану» тақырыбында шебер сынып ұйымдастырды. Шебер сынып барысында жас мамандарды тиімді әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау барысымен таныстырды.

08.12.2023ж күні Кишкинбаева Ардақ пен Сағындықова Марина 7 сыныптар арасында «Қызықты география» тақырыбында білім сайысын өткізді. Білім сайысында белсенділік танытқан 7 сынып оқушыларынан құралған топтардан 7 «Ә» сынып оқушысы Пернабай Аиза І орынмен марапатталды.

09.12.2023ж күні 10 сыныптар арасында «Ғаламдық экологиялық мәселелер» пікір талас ұйымдастырылды. Пікір таласқа 10 А және 10 Г сыныпта қатысты

2023-2024 оқу жылында география пәнінен жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткен республикалық жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңінен 8 сынып оқушымы Айтбай Айсұлтан 3 орын иеленді.

2023-2024 оқу жылында жаратылыстану пәнінен 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінен 6 сынып оқушымы Төлебай Елдана 2 орын иеленді.

### **Физика-информатика пәні бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары жайлы**

2023-2024 оқу жылында физика-информатика бірлестігінің тақырыбы «Жаңа технология элементтерін жүйелі пайдалану» деп аталып оның мақсаты мен міндеттері айқындалып, жұмыс жоспар бекітілген. Қазіргі таңда сол жоспарға сай ағымдағы жұмыстар тұрақты түрде орындалып келеді. Бірлестік жұмысы негізгі 7 бөлім бойынша жұмыс жасауда.

2023 жылдың 29 қараша-13 желтоқсан аралығында физика информатика пәнінің оқытылуы, пән мұғалімдерінің оқытудағы әдіс – тәсілдерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 13 мұғалім жұмыс жасайды.

Олар:

1. Абуов Талғат педагог-модератор
2. Исаева Мадина – педпгог-сарапшы
3. Ибраева Айнұр– педпгог-сарапшы
4. Сайлауова Гүлжаз
5. Бактияр Таңшолпан- педагог модератор
6. Абдуллаева Саёра
7. Мұстафаева Лайла – педагог модератор
8. Шахманова Лаура-педагог сарапшы
9. Катеева Ләззат педагог модератор
10. Байменова Ақнұр
11. Әбдешов Нұрболат
- 12.Имашева Қаламқас- педагог модератор
13. Мадихан Диана.

Мадихан Диана қазіргі уақытта декреттік демалыста.  
Имашева Қаламқас денсаулығына байланысты демалыста.

Жыл басында сағаттар бөлініп, жылдық жоспар бекітіліп жұмыс жасауда.  
Қазіргі таңда сол жоспарға сай ағымдағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Пән мұғалімдердің дерлігі сабақ жоспары өз деңгейінде жазылып, bilim.class-та сабақ жоспарлары енгізілген.

2023-2024 оқу жылында атқаруға тиісті жұмыс жоспары жыл басында пән әдіс бірлестігінде қаралып, бекітілді және пән мұғалімдеріне қосымша жұмыстар бөлініп бекітілді.

Бірлестікте 8 дәрісхана, оның ішінде 1-зертхана, 1 робототехника және 1 STEAM кабинеті бар. Кабинеттің екеуі интерактивті тақтамен жабдықталған.

1-жарты жылдықта жоспарланған ашық сабақтар төмендегідей:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Өтетін сабағының тақырыбы	Пәні	Сыныбы	Мерзімі
1	Ибраева А	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы	Физика	8 «Г»	6.11.2023
2	Абдуллаева С	Күш	Физика	7 «А»	28.11.2023
3	Сайлауова Г	Инерция құбылысы	Физика	7 «В»	24.11.2023
4	Исаева М	Мәтіндік процессордағы кестелер	Информатика	7 «А»	8.11.2023
5	Абуов Т	Растрлық және векторлық графикалық редакторлар	Информатика	5 «А»	6.11.2023
6	Мустафаева Л	3D редакторының құралдары	Информатика	6 «А»	13.11.2023
7	Әбдешов Н	Операциялық жүйелер	Информатика	6 «А»	02.10.2023
8	Катеева Л	Ақпаратты қорғау әдістері	Информатика	10 «Г»	20.09.2023
9	Байменова А	Графикалық ақпаратты екілік кодта ұсыну	Информатика	5 «Б»	26.11.2023
10	Шахманова Л	Антивирустық қауіпсіздік	Информатика	7 «В»	5.10.2023

11	Бақтияр Т	Ақпаратты шифрлау	Информатика	5 «В»	18.092023
----	-----------	-------------------	-------------	-------	-----------

16.10.2023 жылдың 16 қазан күні мектепшілік өткен «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбында оқу-тәжірибелік семинарында «SMART технология түрлерін сабақта пайдалану» тақырыбында сабақты қызықты өткізуге арналған түрлі онлайн сервистерді тиімді пайдалану» тақырыбында жас мамандарға арналған шебер сыныбын өткізілді.

2023 жылдың 20-24 қараша аралығында директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары Ә.Жекенованың ұйымдастыруымен жаратылыстану-математикалық бағытында «Дарабоз» зияткерлік сайысы болып өтті. Сайыстың мақсаты жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша оқушыларды дайындай отырып, оқушылардың меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, білімді, жан-жақты болуға үйрету. Сайысқа Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің 5-9 сынып оқушылары қатысып, өз білімдерін ортаға салды.

«Дарабоз» зияткерлік сайысының басты мақсат-мүддесі дарынды жастарды қолдауға үлес қосу.

20 қараша күні мектебіміздің физика информатика пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен 5 ІТ сыныптары арасында «Дарабоз» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Сайыс ережесі бойынша 5 кезеңнен тұрды.

21 қараша күні мектебіміздің математика пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен 6 ІТ сыныптары арасында «Дарабоз» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында оқушылар түрлі күрделі логикалық сұрақтардан өтіп, жаратылыстану-математика бағытында өз бақтарын сынап көрді. Сайысқа қатысқан 6 «А» сынып «Жалын» тобы «Дарабоз зияткер команда-2023» номинациясын жеңіп алды.

22-қараша күні физика информатика пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дарабоз» зияткерлік сайысы 7-лицей сыныптар арасында өз жалғасын тапты. Қатысушылар 5 кезең бойынша бақтарын сынады. Тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша «Атомдар» командасы «Дарабоз зияткер команда-2023» номинациясын жеңіп алды. Сайысқа қатысқан екі команда да мектеп директорының мадақтамасымен марапатталды.

23-қараша күні оқушылардың танымдық қабілетін арттырып, интеллектуалды ойынға қызығушылықтарын оятып, білім деңгейлерін көтеру мақсатында химия-биология пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дарабоз» зияткерлік сайысы 8-лицей сыныптар арасында жалғасын тапты. Сайыс соңында «Болашақ ІТ мамандар» командасы «Дарабоз зияткер команда-2023» номинациясын жеңіп алды. Сайысқа қатысқан екі команда да мектеп директорының мадақтамасымен марапатталды.

24-қараша күні география пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен 9-лицей сынып оқушылары қатысты. Екі команда да білімдерін ортаға салып, бақ сынасты. Үздік деп танылған "ІТ мамандар" командасы «Дарабоз зияткер команда-2023» номинациясын жеңіп алды.

Физика-информатика пән әдіс бірлестігінің 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталып өтсек.

Оқушылар арасында өткен аудандық пәндік олимпиада байқауының нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Жетістігі	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі
1	Амалбек Нұржігіт	II орын	9	Информатика	Л.Мустафаева
2	Қаржанбай Асылхан	III орын	10	Информатика	Т.Абуов

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Жетістігі	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі
1	Еркебай Балнұр	II орын	9	Физика	А. Ибраева
2	Нұрланқызы Шұғыла	III орын	9	Информатика	Т.Абуов
3	Нұрымқызы Шұғыла	III орын	9	Информатика	А.Байменова

7-8 сынып оқушылары арасында өткен республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінің нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Жетістігі	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі
1	Ердеш Тоғжан	I орын	7	Информатика	Л.Катеева
2	Өзгелді Нұртөре	III орын	8	Информатика	Т.Бақтияр
3	Мәткәрім Дидар	III орын	8	Физика	Г.Сайлауова
4	Қаламбай Саян	III орын	7	Физика	С.Абдуллаева

II- жарты жылдықта өтетін ашық сабақтар кестесі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Өтетін сабағының тақырыбы	Пәні	Сыныбы	Мерзімі
1	Ибраева А	Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау	Физика	8 «Г»	25.01.2024
2	Абдуллаева С	Кері итеруші күш	Физика	7 «А»	19.02.2024
3	Сайлауова Г	Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу	Физика	7 «F»	9.02.2023
4	Исаева М	Word мәтіндік редакторы	Цифрлық сауаттылық	3«Ә»	11.01.2024
5	Абуов Т	Pu Game кітапханасы	Информатика	9 «ә»	5.04.2024
6	Мустафаева Л	Гиперсілтемелер және оны практикалық тұрғыдан қолдану	Информатика	6 «Ә»	11.04.2024
7	Әбдешов Н	Тіл әліппесі. Синтаксис	Информатика	6 «Ә»	15.01.2024
8	Катеева Л	Электрондық цифрлық қолтаңба және сертификат	Информатика	11 «Б»	24.04.2024
9	Байменова А	Гиперсілтемелер	Информатика	6 «Г»	27.01.2024
10	Шахманова Л	Сайтты насихаттау	Информатика	10«Ә»	20.04.2024
11	Бақтияр Т	Алгоритмді әзірлеу	Информатика	8 «Б»	15.05.2024

5-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» байқауы» бойынша аудандық кезеңінен 3-орын алған 5 «в» сынып оқушысы Қанат Асылзат. Жетекшісі Бақтияр Таңшолпан.

Аудандық 8-11 оқушылар арасында өткізілген ғылыми жобалар сайысында 2-орын алған 9 «А» сынып оқушысы Амалбек Нұржігіт. Жетекшісі Абдуллаева Саера.

IX ашық республикалық «Мир в радуге профессий» байқауына «Компьютерлік презентация» номинациясына қызықты жұмыстар ұсынғаны үшін 9 «А» сынып оқушысы Амалбек Нұржігіт арнайы дипломмен марапатталды. Жетекшісі Абдуллаева Саера.

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен өткен «Жастар лигасы» атты робототехника және авиациялық техника байқауына қатысып ерекше идеяларымен бөлісіп, белсенділік танытқаны үшін 8 «А» сынып оқушылары Өзгелді Нұрасыл мен Жақсылық Ақназар қатысқаны үшін сертификат және ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Жетекшісі Әбдешов Нұрболат.

2024 жылдың 13 ақпан күні өткен «Заманауи платформаларды сабақ барысында қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы оқыту семинары өткізілді.

2024 жылыдың 25-29 наурыз аралығында педагогтар мен зертханашылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру бойынша оқыту курсы ұйымдастырылды.

15-сәуір мен 19-сәуір аралығында физика-информатика пән әдіс бірлестігінің «IT – техникалық білімнің негізі» тақырыбындағы мектепшілік апталығы болып өтті. Іс-шара жоспарында барлық материалдар уақытында жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

2024 жылыдың 23 сәуір күні мектеп оқушылар арасында өткен «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз» өнер фестиваліне қатысып, 3D модельдеуден және робототехникадан үздік көрме ұйымдастырғаны үшін мектеп оқушылары және жетекшілері Л.Катеева, Л.Мустафаева, Т.Бақтияр аудандық білім бөлімінің мадақтамасына ие болды.

### **Химия,биология пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының атқарған жұмыстары жайлы.**

2023-2024 оқу жылында химия, биология пән әдіс бірлестігінің тақырыбы «Жаңа технология әдістерін қолдана отырып химия, биология пәндері бойынша оқушы біліктілігін дамыту.»

Мақсаты мен міндеттері айқындалып,жұмыс жоспары бекітілген.

Бірлестік жұмысы 7 бөлім бойынша жұмыс жасауда.

Өткен оқу жылына талдау жасалып,кемшіліктер нақтыланып, 2023-2024 оқу жылына міндеттер бөлініп берілді.

Жыл басынан тоғыз мұғалім жұмыс жасайды, оның біреуі жас мұғалім.

ҚС	Мұғалімнің аты -жөні	Санаты
1	Тоқпанбетова Л	Педагог- зерттеуші

2	Жұмабаева А	Педагог- зерттеуші
3	Тұрғанбаева Ү	Педагог- зерттеуші
4	Жекенова Ә	Педагог - зерттеуші
5	Сәңкібаева И	Лайықты
6	Орынбетова Р	Педагог- модератор
7	Маликова	Лайықты
8	Рзалы Ә	Лайықты
9	Дәуренбекова С	Лайықты

Бір лаборант декреттік демалыста М.Бегімхан.

Педагог кадрлардың сапалық құрамы санаттары және біліктілік деңгейі бойынша 55,4 % пайызды құрап отыр. Педагог- шебер біліктілік санатын бекіткен ешкім жоқ. Педагог-зерттеуші біліктілік санатын алған 4 мұғалімнің әдістемелік нұсқаулықтары, ғылыми-зерттеу баяндамалары бар, тапсырма жинақтары шыққан, педагогикалық оқуларға қатысқан, ҚМЖ топтамалары бар, оқу жылы барысында авторлық бағдарламалары бар, оқу жылы барысында 1 авторлық бағдарлама биология пәнінен Жекнова Әсел аудандық кезеңге қатысып қорғады. Химия, биология пәнінің оқу материалдық базасы, пән кабинеттері 90% көрнекіліктермен жабдықталған.

Плакаттар, таблицалар, бүктемелер, альбомдар, дидактикалық тапсырмалар, реактивтер жинақталған.

Химия зертхана кабинеті- 73 және 76,77

Биология зертхана кабинеті -3.

### **Кабинет жетекшілері:**

№ 3 – А.Жұмабаева

№ 73 – И.Сәңкібаева

№ 77 – Л.Тоқпанбетова

№ 77 химия зертханасы 06.01.2024ж барлық құрал- жабдықтармен жабдықталды. Олар стол, парта, компьютер, принтер, рокед тақтасы, мұғалім парта, столдар, химиялық препараттар түгелімен қамтылды. № 76 кабинет химия дәрісханасы болып бекітілді.

Химия, биология кабинеті толық жаңа құрал-жабдықтармен, тақталармен жабдықталған. Кабинеттің қабырға стендтерін түгел жаңартып, жалюздер түгел ауыстырылды. Жыл басында сағаттар бөлініп, жылдық жоспар бекітіліп жұмыс жасалды. 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп бағдарламасы, күнтізбелік



тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелік нұсқаулық бойынша дұрыс құрастырылған. Жас маманға, мұғалімдерге өзгерістер жөнінде түсіндірілді.

Қазіргі таңда, сол жоспарға сай ағымдағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Аудандық ғылыми жобалар байқауы қазан айының 19-і күні А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінде өтті. Аудандық ғылыми жоба байқауына биология секциясы бойынша 10-сынып оқушысы Жаппар Балажан «Ферменттердің тіршілік әрекетіндегі рөлі» тақырыбында қорғап, 1-орын иеленді. Жетекшісі Ж.Маликова.

Химия, биология пәндері бойынша Зерде кіші ғылыми жобалар сырттай бөліміне 7-сынып оқушысы Иманберді Нұршат. Тақырыбы: «**Ешкі сүтінің емдік қасиеттері**». Жетекшісі С.Дәуренбекова.

Оқушылардың білім сапасын көтеруге жоспарланған іс –шаралар атқарылуда. Мұғалімдерге қашықтықтан оқыту кезінде Дарын онлайн платформасы арқылы сабақ өтудің тиімді тұстары бірлестік бойынша жинап түсіндірілді. Тоқсан бойынша ТЖБ, БЖБ жұмыстары алынып, талдау жасалды. Әр пән әдістемелік бірлестікте модерация жүргізілді.

Химия, биология пәнінің тоқсандық қорытындысы бойынша бір үш, бір төрт алған оқушыларға жеке құжаттар жасалынатыны айтылды.

Мектепшілік «**Дарабоз**» интеллектуалды сайысы химия,биология пәні бойынша 8 «А» «Б» сыныптар арасында өткізілді. Жүлделі орынға 8а сынып оқушылары шықты. Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде 2023жылғы қазан айының 13-і күні химия, биология пәндері бойынша 7-11 сыныптар арасында, химия биология пәндері бойынша 7-11сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өтті. Олимпиада 2 кезең бойынша өтті.

Бірінші тур тест тапсырмасы, екінші тур тапсырмалар орындау бағыты. Жоғары балл жинаған оқушыларды аудандық кезеңге ұсынылды. **Биология пәні бойынша өткен оқушылар**

7 сынып оқушысы Анапия Ақсезім

8 сынып оқушысы Қауынбай Нұрмұхамед

9 сынып оқушысы Есім Аружан

10 сынып оқушысы Болатбек Ақмаржан

11 сынып оқушысы Әбубәкір Музарт

**Химия пәні бойынша өткен оқушылар**

7 сынып оқушысы Акбар Сабина

8 сынып оқушысы Балғабай Назым

9 сынып оқушысы Әскербек Бағдат

10 сынып оқушысы Мұхамеджан Ерасыл

11 сынып оқушысы Болатбек Дінмұхамед

**Аудандық олимпиада қараша айының 19 күні өткізілді.**

**Н.Төрөқұлов атындағы ІТ лицей-мектебінің химия,биология пәндерінен  
2023-2024 оқу жылындағы**

**оқушылардың байқауларға қатысу жайындағы мәлімет**

Қ/С	Оқушылардың аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Байқаулардың атауы	Орыны	Пән мұғалімдері
1	Жаппар Балажан	Биология	10 «а»	Аудандық ғылыми жобалар байқауы	I орын	Ж.Маликова
2	Әбубәкір Музарт	Биология	11 «а»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	А.Жұмабаева
3	Болатбек Ақмаржан	Биология	10 «а»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	Ү.Тұрғанбаева
4	Есім А	Биология	9 «а»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	Ә.Жекенова
5	Мұхамеджан Ерасыл	Химия	10 «г»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	И.Сәңкібаева
6	Иманберді Нұршат	Биология	7 «ә»	«Зерде» республикалық ғылыми жоба (сырттай бөлімі)	III орын	С.Дәуренбекова
7	Қауынбай Нұрмұхамед	Биология	8 «в»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	Р.Орынбетова
8	Балғабай Назым	Биология	8 «в»	Аудандық пәндік олимпиада	II орын	И.Сәңкібаева

7-11 сыныптар арасында аудандық олимпиада қорытындысы бойынша осы аталған оқушылар орындарға ие болды, облыстық кезеңге өте алмады. Оқушыларды олимпиадаға дайындау барысында кездеске қателіктерде болды. Олар:

- пәннен білімдік сайысқа қатысу үшін ол ең әуелі оқушының қызығушылығы болу керек, тест арқылы таңдалған оқушылар дұрыс пәнді, сол пәнге ынтасы бар ма, ынтасы мен қызығушылық болмаған жерде нәтиже болмайтынына маман ретінде назар аудармауы,

- оқушы таңдап алынған соң, пән мұғалімі өзінің жауапкершілігін сезініп, тиянақты дайындық жүргізіп қалыптаспауы,

- кейде сабақ барысында қосымша тапсырмалар беріп бақылаудан аспауы,

- олимпиадаға қатысатын оқушылардың дайындыққа тұрақты келмеуі сияқты проблемаларды айтуға болады.

Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің жылдық жоспарына қарай ақпан айының 12-16 күні «Жаратылыс сыры- ғылымда» тақырыбында химия, биология пән бірлестігінің апталық жоспары бекітілді. Апталық жоспарланған іс-шара бойынша 5 күнде (көрсетілген) қамтылды.

Ұстаздар алдына қойылған басты бағыт ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану

Апталық іс-шарасында көрсетілген әрбір бөлім бойынша, жұмыс атқарған мұғалімдер оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алдына бір мүмкіндіктерін жұмсады.

12 күн 16 ақпан 7-11 сынып арасында «Жаратылыс сыры-ғылымда» атты апталықтың ашылу салтанаты болып өтті.

Бірлестік жетекшісі А.Жұмабаева апталықтың іс-шарасымен таныстырды.

2 күн 13 ақпан . «Жаһандық жылырудың зардаптары» пікір- сайыс 10 сыныптар арасында өткізілді.

I орынды – 10 «Г» сынып оқушылары иеленіп, марапатталды.

3 күн 14 ақпан . Химия, биология мұғалімдері төмендегідей ашық сабақтар өткізді. Ә.Жекенова – 8 «А» сынып. Тақырыбы: «Ми. Мидың бөліктері»

Р.Орынбетова – 8 «В» сынып. Тақырыбы: «Көру мүшесінің құрылысы мен қызметі»

И. Сәңкібаева – 7 «Ә» Тақырыбы «Валенттілік»

А.Жұмабаева – 10 «Ә» Тақырыбы «Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс»

Ж.Маликова -8 «Е» Тақырыбы «Тік жүруге байланыс адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері»

Ә.Рзалы – 7 «Ғ» Тақырыбы «Ми. Мидың бөліктері»

3 күн 14 ақпан күні «Ой мен ойын» интеллектуалды сайыс 7 сыныптар өткізілді.

4 күн. 15 ақпан күні химия пәні бойынша «Chemistry of world» тақырыбында интеллектуалды сайыс 8 сыныптар арасында өтті.

I орынды – «Алғыр» топ оқушылары иеленді

II орынды – «Зерек» топ оқушылары иеленді

III орынды – «Ойшыл» топ жеңіп, марапатталды.

5 күн. 16 ақпан «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» ардагер мұғалімдермен кездесу кеш болып өтті.

Жалпы ұстаздар мен оқушылардың апталық барысында түйген ойы, алған білімдерін жан-жақты болды деп айта аламыз.

14.02.2024ж А.Жұмабаева 10 ә сыныпқа өткен ашық сабақ тақырыбы «Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс». Ақмарал өткен сабағында ұйымдастыру кезеңі қамтылды, алдыңғы білім бойынша тапсырмалар орындалды. Жаңа сабақты бастамас бұрын оқушыларға түрткі сұрақтар қойылды. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы, сабақтың тақырыбы ашылды. Жаңа тақырып мұғалім түсіндірмесі және видео көрсетілім көрсетілді.

Жаңа тақырып бойынша топтық, жұптық, жеке тапсырмалар берілді. Топтық, жұптық жұмыстарға оқушылар белседі қатысты, жеке тапсырма берілген кезде оқушының сөйлеу дағдысында белсенділік болмады. Тек бір сөзбен шектелді. Терең ойын жеткізе алмады. Жоспардағы әдіс- тәсілдер толық қамтылды, оқушылар сабақ соңында бірін-бірі бағалап, жаңа тақырыпты түсінгені жайында пікірлерін айтты.

14.02.2024ж Ә.Жекенова 7 ә сыныбына ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Ми. Ми бөліктері». Ұйымдастыру кезеңі толық қамтылды. Алдыңғы білім бойынша оқушыларға «Word wall» әдісі бойынша сұрақтар берілді. Оқушылар белсенді жауап берді. Жаңа тақырып мұғалімнің түсіндірмесі жүргізілді, бейне ролик көрсетілді. Бейне ролик көріп біткен соң жұптық, топтық тапсырмалар орындалды, оқушылар белсенді қатысты. ҚМЖ да көрсетілген әдіс-тәсілдер өз дәрежесінде өткізілді. Бірақ ерекше білімді қажет ететін оқушылардың функционалдық сауаттылықты дамытуды ескере отырып, берілген тапсырманың құрылымын қарапайым түсінікті түрде ұсыну керектігі айтылды.

14.02.2024ж И.Сәңкібаева 7 ә сыныбына ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Валаенттілік». Индира өткен сабағында ұйымдастыру кезеңі қамтылды, алдыңғы білім бойынша «Ойлан тап» әдісі бойынша оқушыларға жеке тапсырмалар берілді, оқушылар белсенді жауап берді. Жаңа тақырыпты ашу мақсатында түрткі сұрақтар беріліп, жаңа тақырып ашылды. Мұғалім түсіндірмесі болды, реакцияларды теңестіру бойынша түсіндірді оқушыларға, АКТ мен түгел қамтылды. Жұптық жұмыс, топтық жұмыс, жеке тапсырмаларды орындауда оқушылар белсенді қатысты. Сабақты бекіту барысында тапсырмалар орындады. Оқушылардың пікірі сұралмады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыға тапсырма берілген толық жауап бермеді, сөйлеу дағдысы аз болды. Сабақ өз дәрежесінде өтті, сабақ мақсатына жетті.

15.02.2024ж Р.Орынбетова 8 в сыныбына ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Көру мүшесінің құрылысы мен қызметі». Сабақ талапқа сай өтті, таңдалынған тапсырмалар орындау кезінде, оқушылардың сөйлеу дағдысы аз, оқушының сөйлеуінен, мұғалімнің сөйлеуі көп. Мұғалімдердің ұсыныстары бойынша сабақты бағалау кезінде оқушы үнін тыңдау керек екені айтылды.

15.02.2024ж Ж.Маликова 8 е сыныбына ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақ табандылықтың пайда болу себептері.» Сабақ талапқа сай жазылған, бірақ ҚМЖ-да көрсетілген әдіс-тәсілдер толық қамтылмады, мұғалім мен оқушы арасында байланыс аз екені, тапсырма орындау барысында байқалды. Жаңа тақырып мұғалімнің түсіндірмесімен шектеліп қалды. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға берілген тапсырма тексерілмей қалды. Уақытты тиімді пайдалана алмады. Мұғалімдердің ұсынысы бойынша көп іздену керектігі бойынша ұсыныс айтылды.

15.02.2024ж Ә. Рзалы 7 ғ сыныбына ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Ми.Ми бөліктері». Ұйымдастыру кезеңі толық қамтылды. Алдыңғы білім бойынша оқушыларға «Бинго» әдісі бойынша сұрақтар берілді. Оқушылар белсенді жауап берді. Жаңа тақырып мұғалімнің түсіндірмесі жүргізілді, бейне ролик көрсетілді. Одан кейін зертханалық жұмыс жасады өмірмен байланыстырып, мұғалім өзі түсіндіріп, өзі сөйлеумен өтті. Оқушыларға берілген тапсырманы орындау кезінде үш, төрт бала ғана сабақта белсенді қатысты, қалғандары тыңдау мен отырды, мұғалім сабақта оқушыларға деңгейлік тапсырмалар , суретті тапсырмалар және құрастырама тапсырмалар беріп орындауын қадағалау керек еді. Жас маман болғандықтан, көп іздену керек, оқушының қабілетіне қарай тапсырмалар беру керек екені айтылды.

«Lesson study» зерттеу сабақтарын жоспарлау үлгісі

Зерттеу тақырыбы: : Биология пәні сабағында оқушылардың теориялық білімін қолдануда, жаңа әдістер мен жаңа бағалау формаларын қолдану арқылы, білім сапасын арттыру .

Пәні: биология, химия.

Оқу сыныбы: 8<E>

Фокус-топ: Пән мұғалімдері

- 1 Биология пәнінің мұғалімдері:
- 2 Жұмабаева А
- 3 Жекенова Ә
- 4 Сәңкібаева И
- 5 Орынбетова Р
- 6 Маликова Ж
- 7 Рзалы Ә

«Lesson study» зерттеу сабақтарын жоспарлау үлгісі

1-сабақ	Жоба мүшелері	Сынып	Өтілетін мерзімі	Уақыты	Кабинет	Жоба мүшелерінің зерттеу тақырыбы
Бірлесе сабақты жоспарлау	Биология,химия тобы мүшелері	8	2024	07.03.2024ж	77	Деңгейлік тапсырмалар орындата отырып,өзін-өзі талдай отырып,бағалау дағдысын дамыту.
Сабақты өткізу	Биология,химия тобы мүшелері	8	2024	14.03.2024ж	77	Деңгейлік тапсырмалар орындата отырып,өзін-өзі талдай отырып,бағалау дағдысын дамыту.
Сабақты талқылау	Биология,химия тобы мүшелері	8	2024	04.04.2024ж	77	Деңгейлік тапсырмалар орындата отырып,өзін-өзі

						талдай отырып, бағалау дағдысын дамыту.
--	--	--	--	--	--	---

Алғашқы кәсіби әңгіме әдістің құрылымы мен ұйымдастыру жұмыстарының негізгі міндеттері мен ережелерімен танысу басталды. Зерттелетін нысан 8 Е сыныбы анықталды. Зерттеудің міндеттері топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқуға деген қызығушылықты арттыруға, қолайлы жағдай жасау және оқытуды бағалау арқылы, оқу процесінде әрбір оқушының психикалық белсенділігін дамытуға, мүмкіндік беру болды. Зерттелетін үш оқушы анықталды: үздік оқушы, қабілеті орташа оқушы және барлық пәндер бойынша ынтасы төмен оқушы және оқушылар үшін күтілетін нәтижелерді құрастырды.

### Күтілетін нәтиже

А оқушы Жайлаубай Ақмерей	В оқушы Ізбала Нұртас	С оқушы Ерланұлы Дініслам
<ul style="list-style-type: none"> <li>- сабаққа белсенді қатысады;</li> <li>- тапсырмаларды орындауға шығармашылықпен қарайды;</li> <li>- тақырып бойынша өз пікірін ашық айтады;</li> <li>- топта үйлестіруші қызметін атқарады;</li> <li>- топ жұмысын және оның жұмысын бағалау біледі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- топ жұмысына қатысу;</li> <li>- тақырып бойынша әңгімелей алу;</li> <li>- тақырып бойынша өз көзқарасын білдіреді;</li> <li>- тапсырмаларды өз бетінше орындау;</li> <li>- бастаманы өз қолына ала білу;</li> <li>- өз еңбегін бағалау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Топпен бірге тапсырмаларды орындай алады;</li> <li>- талқылауға қатысады;</li> <li>- өз жұмысын бағалай білу;</li> <li>- ынтымақтастықта жұмыс оған оқуға мотивация береді</li> </ul>

**№1 Бірінші биология зерттеу сабағын жоспарлау барысында зерттеу тобының мұғалімдері қолданатын әдіс-тәсілдерді талқылады, осы оқушыларға тиімді болатын әдіс-тәсілдерді, ауызша тілін дамытуды қолдануды ұйғардық.**

**Сабақтың тақырыбы: Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақ табандылықтың пайда болу себептері.**

Мұғалім сабақ барысында ұйымдастыру кезеңі толық қамтылды, алдыңғы білім бойынша «Word woll» әдісін қолдануда тапсырмалар берілді, берілген сұрақ табан қан тамырының қысылуы мен өкшенің ауруы не себептен болады? деген сұрақтар қойылды. Жаңа сабақты мұғалімнің түсіндірмесімен басталды. Оқушыларға тақырып бойынша толық мәліметтер берілді. Өткен тақырып бойынша «Биологиялық почта» әдісін қолданды. Берілген тапсырмаларды АВС оқушыларының жауап беруін бақылап отырдық. А деңгейдегі оқушы берілген тапсырмаларға белсенділікпен жауап берді. В деңгейіндегі оқушы берілген тапсырмаға өз ойын ашық жауап берді, бірақ мәліметті толық жеткізе алмады. С

деңгейіндегі оқушының белсенділігі төмен, өзіне деген сенімділігі болмады, тапсырмаға жауап бермеді. Бұл өткен сабақта менің байқағаным мұғалімнің жоспарланған сабағында жүйе болмады, мұғалімнің тақырып бойынша сөйлеуі өте көп, оқушыларға берілген тапсырма тексерілмей, уақыт жетпей қалды. Мұғалімнің берілген тапсырмаларды өзі көбірек айтатынын байқадық. Сабақтан кейін екінші зерделеу сабағын жоспарлау үшін мұғалімдермен бас қостық. Мақсатымызға жету үшін қандай әдіс-тәсіл қолданған дұрыс, бағалау жүйесін қалай жүзеге асырған тиімді тұстарын анықтап оқушылардың бақылау парағын әзірледік. Топ мүшелерінің әрқайсысы сабақ соңына қарай нені істей білетінін және дәлелдеме ретінде нені көргісі келетінін нақты жазып отыру қажет екендігін айқындадық.

**№2 Екінші биология зерттеу сабағын жоспарлау барысында зерттеу тобының мұғалімдері өтетін сабақты бақылауға қатыстық. Сабақтың тақырыбы: «Тері рецепторлары».**

Сабақта ұйымдастыру кезеңі толық қамтылды. Алдыңғы білімді сұрау кезінде «Пирамида» әдісі бойынша тапсырмалар берілді, оқушылар белседі жауап берді. С деңгейіндегі оқушы өзіне берілген тапсырмаға дайындалып келгенін байқадым. Жаңа тақырыпқа мұғалім түсіндірмесі болды және бейне көрсетілім көрсетті, тақырыпты түсінген соң, оқушыларға «Зерттеу әдісі» бойынша оқушыларға топтық тапсырмалар берілді. Топтық жұмыс орындау кезінде АВС оқушыларына берілген тапсырмаларды еркін сөйлеп, кез келген тапсырманы өзі орындай алды, өмірмен байланыстырған тапсырмаларды орындады. Тапсырма орындап болған соң, бірін – бірі бағалау бойынша пікірлерін айтты. Сабақ соңында «Миллион» әдісін қолданып, оқушылармен ойын ойнатылады. Кері байланыс беріліп, топпен талқыланды. А деңгейіндегі оқушының қасындағы сыныптастарына көмек беруді, бір-біріне бауырмалдықты, мейірімділік қасиеттері байқалды. В деңгейіндегі тапсырманы орындауда өз ойын еркін айтып, жауап беру барысында өзін жауапты сезінетінін айтты. Ал С деңгейіндегі оқушы бағалау кезінде қызығушылық танытты, себебі сыныптастарымен пікірлесіп, өз ойын еркін жеткізетіп сөйлетінін айта кетті. Формативті бағалауда қазіргі балдық жүйе бойынша бағалап, өз ойларын стикерге жазуда жеткілікті екені айтылды. Дегенмен бұл сабақта сәтті шыққан тұстары да мол болды.

**№3 Үшінші биология зерттеу сабағын жоспарлау барысында сыни тұрғысынан ойлау (ашық тесттер, деңгейлік тапсырмалар, уақыт үнемдеу үшін ақпараттық технологияларды, соның ішінде қазіргі әдіс-тәсілдерді қолдану, бағалау түрлерін қолдануына мән берілді.**

**Сабақтың тақырыбы: «Өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбею түрлері»**

Алдыңғы білім бойынша «Спинер» әдісін қолданды, оқушылар белсенді түрде жауап берді.

Жаңа тақырып бойынша бейне көрсетілім көрсетілді, мұғалім түсіндірмесі айтылды. Тақырыпты түсінулері үшін, оқушыларға топтық тапсырмалар берілді. Сәйкестендіру тесті, өмірмен байланысты сұрақты тапсырма, жұптық тапсырма орындады. А деңгейіндегі оқушы топ басшы болды, сыныптастарының тапсырманы орындауына көмек беріп отырды. В деңгейіндегі оқушы берілген тірек-сызбаларға басты мән беріп, тапсырманы орындады. С деңгейіндегі оқушы зерттеу тобында баяндаушы болатынын айтты. С деңгейіндегі оқушы өзіне

берілген тапсырмаларды жіті бақылап, барлық ойын толық жеткізіп қорғап шықты. Сөйлемейтін С деңгейіндегі оқушы пікірталасқа қатысып, қызығушылығы оянып, сөйлеу дағдысы қалыптасты. Үш зерттеу сабағына қатыса отырып, біз зерттеуші мұғалімдер өзімізге мынадай ой түйдік, барлық уақытта бір әдісті пайдалана беру, оқушылардың дағдасының дамуын баяулататынын білдік.

Сұхбат алу барысында, сабақтағы бақылаудың нәтижесі бойынша зерттеу жұмысы көптеген мәселелерге назар аудартты.

- Оқушылар бейнекөрсетілім тапсырмаларын орындауда, алғашқы кезде абдырап, кейін жұмысқа кірісіп кеткен.
- Мұғалім топтық тапсырманы ұйымдастыруда жұмыс бағытын анық түсіндірмегені.
- Оқушылар бұрын күрделі сұрақтар қоюға дағдыланбағаны.
- Уақытты тиімді пайдаланылмады.

Тәжірибедегі «белсенді емес сыныптың» мәселесі бірден шешілмейді, бірақ оқушыны топтық жұмысқа тарта отырып, ашық сөйлеу, пікірін тыңдау арқылы ортаға бейімделуді және «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін үнемі оқушы пікірімен санаса отырып, оларға ұнайтындай әдістерді қолдана отырып сабағымызды жоспарласақ, ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелейміз.

**Үйірме жетекшілері (ақысыз):**

5 – 7 сыныптар –биология Ж.Маликова

8 – 10 сыныптар –химия И.Сәңкібаева

Мектепшілік «Жыл мұғалімі» байқауы өткізілді. Химия, биология секциясы бойынша химия пәні мұғалімі Сәңкібаева Индира қатысты.

**Химия,биология пәндерінен 2022-2023 оқу жылындағы**

**мұғалімдердің байқауларға қатысу жайындағы мәлімет**

Қ/С	Мұғалімдердің аты-жөні	Байқаулардың атауы	Орыны
1	А.Жұмабаева	2024ж. Аудандық оқушылар олимпиадасында Әбубәкір Музарт  2024ж Мектеп директорының марапаты.  2024ж Өрлеу БАҰО АҚ «Жаңашыл ұстаз - 2024»  2024ж Өрлеу БАҰО АҚ	II – орын  Мадақтама  II – орын  Мадақтама
2	Ә.Жекенова	2024ж Аудандық оқушылар олимпиадасында Есім Аружан	III – орын



		<p>2024ж Облыстық кәсіподақ ұйымының марапаты.</p> <p>2024ж «Биология пәнінен 7,8-ші сыныптарға арналған БЖБ,ТЖБ тапсырмалар жинағы».</p> <p>2024ж Тәжірибе бөліскені үшін Алғыс хатпен марапатталды.</p> <p>2024ж Мектеп директорының марапаты</p>	<p>Мадақтама</p> <p>Ауданға тәжірибе таратты</p> <p>Алғыс хат</p>
3	И.Сәңкібаева	<p>2024ж. Аудандық оқушылар олимпиадасында Мұхамбетжан Ерасыл 10- сынып</p> <p>2024ж Аудандық оқушылар олимпиадасында Балғабай Назым 8 – сынып</p> <p>2024ж Мектеп директорының марапаты</p> <p>2024ж Өрлеу БАҰО АҚ «Жаңашыл ұстаз - 2024»</p> <p>2024ж Өрлеу БАҰО АҚ</p>	<p>II – орын</p> <p>II - орын</p> <p>II – орын</p> <p>Мадақтама</p>
4	Р.Орынбетова	<p>2024ж Аудандық оқушылар олимпиадасында Қауынбай Н 8 –сынып</p> <p>2024ж Мектеп директорының марапаты</p>	<p>III –орын</p> <p>Алғыс хат</p>
5	Ж.Маликова	<p>2023-2024ж аудандық партия Аманат</p> <p>2023-2024ж Аудандық ғылыми жоба байқауына биология секциясы бойынша 10-сынып оқушысы Жаппар Балажан «Ферменттердің тіршілік әрекетіндегі рөлі» тақырыбында қорғап, 1-орын иеленді.</p> <p>2024ж Мектепішілік байқау</p>	<p>Алғыс хат</p> <p>I –орын</p>

			Алғыс хат
6	Ә. Рзалы	2024ж Мектеп директорының марапаты 2024ж Мектеп ішілік «Жаңашыл ұстаз» байқауынан	Алғыс хат II -орын

### Ұсыныстар:

- 1.Келесі оқу жылына білім сапасы төмен болған көрсеткішті қайталамай, жоғары көтеру нәтижесі үшін тұрақты дайындықтар жүргізу.
2. Білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы, өсу динамикасын бақылау,олқылықтармен жұмыс жасау.
- 3.Мұғалімдердің жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жыл бойына ашық сабақтар кестесі бойынша сабаққа енуді ұсыну.

### Эстетикалық пән әдіс бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына талдау

*2023-2024 оқу жылындағы Эстетикалық пән әдіс бірлестігінің тақырыбы «Оқыту мен тәрбие үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы шығармашылыққа бейім жаңа тұлға қалыптастыру» деп аталып оның мақсаты мен міндеттері айқындалып жұмыс жоспары бекітілген. Тақырыпқа сай жұмыстар тұрақты түрде орындалып келеді. Әр мұғалім өз білімін жетілдіру негізінде жұмыс жоспарын жинақтап жасаған. 2023-2024 оқу жылында Эстетикалық пән әдіс бірлестігінде 10-мұғалім жұмыс жасайды.*

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Курстан өткен жылы	Жұмыс өтілі
1	Байғараева А	Жоғары-зерттеуші		29
2	Елеусізова Р	Жоғары-сарапшы	2019	39
3	Жакупова Г	Жоғары-сарапшы	2019	29
4	Жексенбиев Ә	Жоғары-сарапшы	2019	26

5	Молдабеков Т	Жоғары-зерттеуші	2019	31
6	Нәбиев О	Жоғары-лайықты	2022	26
7	Жарылқасынов Н	Жоғары-лайықты		9 ай
8	Дуанаева А	Жоғары-лайықты		6 ай
9	Шалабаева Г	Жоғары-модератор	2023	4
10	Асқарова Ж	Жоғары-лайықты		2
Декреттік демалыста				
1	Құлмашева А	Жоғары-лайықты	2019	8
2	Мархабайқызы Ж	Жоғары-лайықты		1 жыл

*Бірлестікте 2 дәрісхана, 2 шеберхана кабинеттері бар. Бейнелеу өнері пәніне арналған № 1 дәрісхана жетекшісі Байғараева Ақмарал, № 69 Қызжан Жұмабаева атындағы қызмет көрсету дәрісханасы жетекшісі Елеусізова Рысхан және ер балдарға арналған «Метал өңдеу шеберханасы» жетекшісі Молдабеков Талгат, «ағаш өңдеу шеберханасы» жетекшісі Нәбиев Оразәлі. Кабинеттердің жылдық және перспективалық жоспары жасалып, бекітілген.*

*Бірлестікте 3 ақылы үйірме жұмыс жасайды:*

1. «Сиқырлы қылқалам» бейнелеу өнері үйірмесі, жетекшісі-Байғараева Ақмарал
2. «Зерделі өнер, танымдық қолөнер» үйірмесі жетекшісі-Дуанаева Ақмарал
3. «Қолөнер-сырлы өнер» үйірмесі жетекшісі -Жарылқасынов Нұржан

## **Бірлестік мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктері:**

Созақ ауданының Білім бөлімінің ұйымдастырумен мектеп оқушылары арасында өткен «Қазақстан біздің жалғыз ғана-Отанымыз» атты аудандық өнер фестивалінде үздік көрме жұмысын ұсынғаны үшін бірлестік ұжымы мақтау қағазымен марапатталды.

Байғараева Ақмарал **«Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың белсенді әдістері»** атты Республикалық семинарында Алғыс хатпен, **«Түркістаным тұраным»** атты Облыстық көрмеге қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.

Созақ аудандық Мәдениет үйінде, Түркістан облысының Мәдениет және Туризм басқармасының қолдауымен Түркістан қаласында **«Келіншеқтау-Кербезім»** атты жеке көрмесін өткізіп, Қазақстан суретшілер Одағының, Мәдениет басқармасының, Облыстық маслихат хатшысының және Түркістан Облыстық бейнелеу өнері мұражайының Алғыс хатымен марапатталды.

25-қазан Республика күніне және Созақ ауданының 95 жылдығына орай ұйымдастырылған **«Сиқырлы күз»** атты сурет байқауының «Ең үздік композиция» номинациясымен Асылханқызы Жанерке, **«Менің Қазақстаным»** атты Облыстық суретшілер сайысында Амангелді Мерей 3-орынмен, Республикалық онлайн **«Алтын Қазына»** баьйқауында Саяқбай Сымбат, Егізтай Жаңыл бас жүлдемен, **«Бейнелеу өнерінің байтерегі»** атты аудандық жас суретшілер байқауында Серік Кәусар 3- орынмен марапатталды. Жетекшісі - Байғараева Ақмарал.

Түркістан Облысының Білім басқармасының Алғыс хатымен Нәбиев Оразәлі марапатталды. **«Салауатты ұрпақ-саламатты Қазақстан»** тақырыбындағы волейболдан ұстаздар арасында өткен жарыста 3-орын иеленгені үшін марапатталды.

Оқушылардың аудандық Ғылыми жоба байқауында 10 г-сынып оқушысы Ынтымақ Әйгерім **«Ешкі сүтінің емдік қасиеті»** тақырыбында жұмысын қорғап 3-орынды, Аудандық **«Алтын қазына»** көрме байқауының тоқыма бұйымдарын дайындау бағыты бойынша Сейтжаппар Нұрай 3-орынды иеленді. Жетекшісі - Жакупова Гүлбар.

Тағылым Республикалық Ғылыми журналының 2024 жылғы сәуір айында **«Тоқыма материалдары мен бұйымдарының классификациясын, құрамымен қарапайым тоқылу әдісін сипаттау және білу»** тақырыбында материалы жарияланып 1-орын алғандығы үшін дипломмен Жакупова Гүлбар марапатталды. Мектепшілік мұғалімдер арасында ұйымдастырылған М.Мақатаев оқулары байқауында Алғыс хатпен марапатталды.

С.Қожанов мұражайында халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ұйымдастырылған қолөнер көрмесі бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Созақ ауданы әкімінің Алғыс хатымен, Мектепшілік **«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды»** М.Мақатаев оқуларында белсенділік танытқаны үшін Дуанаева Ақмарал Алғыс хатпен марапатталды.

**«Шығармашылық жұмыстар шеберханасы»** Облыстық байқауының 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Мектепшілік **«Үздік жас маман»** байқауында 3-орынмен, Созақ аудандық Қорғанис істер жөніндегі Бөлім басшысының мадақтамасымен, **«Салауатты ұрпақ-саламатты Қазақстан»** тақырыбында дойбыдан ұстаздар арасында өткен жарыста 3-орын иеленгені үшін, волейболдан 3-орын иеленгені үшін Жарылқасынов Нұржан марапатталады.

Қайыпназар Әйтпеновтың 123 жыл, Түркістан облысының 5 жыл, Мақтарал ауданының 95 жылдығына орай ұйымдастырылған **«Терме бойтұмарым»** атты облыстық термешілер байқауында үздік өнер көрсеткені үшін 1-орынмен Шалабаева Гүлбану марапатталады. «Атадан мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған **«Ақжелең»** Республикалық байқауында **«Вокал»** номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Рысбек Нұрсауле марапатталды. **«Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз»** аудандық өнер фестивалында Хор ұжымы, Болабек Інжу, Рысбек Нұрсауле Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі – Шалабаева Гүлбану.

**«Бастауыш сыныптарда жаратылыс пәні бойынша тәжірбиелік жұмыстардың жүргізілу барысы»** тақырыбындағы Облыстық тәжірбиелік семинарда озық іс-тәжірбиемен бөліскен Асқарова Жұлдызай марапатталды. Мектепшілік **«Салауатты ұрпақ-саламатты Қазақстан»** тақырыбында ұйымдастырылған волейбол жарысында белсенділік танытқаны үшін марапатталады.

**«Шынайлық пен кәсіби құзіреттілік-шығармашыл мұғалім бейнесі»** тақырыбында шығармашылық айлық аясында 28.02.2024 жылы Эстетикалық пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен **«Қолөнер-өнер ғана емес, тарих»** атты мұғалімдер арасында қолөнер бұйымдарын жасаудан байқау өтті.

**Байқаудың мақсаты:** Ата-баба мұрасын, ұлттық өнер үлгілерін, қолөнер бұйымдарын өз қолымен жасап ұлттық дәстүрді жандандырып құндылықтарымызды дамыту. Сөзгеде шебер, іскеде ұстаз халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін, ұлттық құндылықтарын дәріптеу.

Наурыз айының 4-7 аралығында Ә.Қастеевтің 120 жылдығына орай ұйымдастырылған **«Өнердің шыңындағы ұлы тұлға»** атты апталық болып өтті.

18 Наурыз күні **«Қош келдің Әз Наурыз»** тақырыбында 5-7 сыныптар аралығында қолөнер және сурет көрмесі болып оқушылар мадақтамалар мен алғыс хаттармен марапатталды.

**АӘЖТД, дене тәрбиесі пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының атқарған жұмыстары жайлы.**

2023-2024 оқу жылында АӘЖТД, дене тәрбиесі пән әдіс бірлестігінің тақырыбы **«Дені саудың тәні сау, дені сау ұрпақ ел болашағы»**

Мақсаты мен міндеттері айқындалып, жұмыс жоспары бекітілген.

Бірлестік жұмысы 7 бөлім бойынша жұмыс жасауда.

Өткен оқу жылына талдау жасалып, кемшіліктер нақтыланып, 2023-2024 оқу жылына міндеттер бөлініп берілді.

Жыл басынан он тоғыз мұғалім жұмыс жасайды, оның біреуі жас маман.

ҚС	Мұғалімнің аты -жөні	Санаты
1	Атажанов Әмір	Педагог- зерттеуші
2	Абдіқұлов Қайрат	Педагог- зерттеуші
3	Алдабергенов Асылбек	Педагог- модератор
4	Айтуов Сәбит	Педагог - зерттеуші
5	Ақшал Ильяс	Лайықты
6	Базаров Ербол	Педагог- зерттеуші
7	Жұмаділдаев Серік	Педагог- модератор
8	Көпжасарұлы Дәулеткелді	Педагог- модератор
9	Қалдыбек Айдос	Лайықты
10	Орынов Жаппар	Педагог- модератор
11	Өмірқұлов Әбдімомын	лайықты
12	Саржанов Марғұлан	Педагог- зерттеуші
13	Сейсембаев Махсат	лайықты
14	Сембек Біржан	Педагог- модератор
15	Тасходжаев Әбдірашит	Педагог- зерттеуші
16	Төкенов Естай	Педагог- зерттеуші
17	Шарапов Ардақ	лайықты
18	Шарафутдинов Сұлтан	Педагог- зерттеуші
19	Ынтымақ Әділет	лайықты

Педагог кадрлардың сапалық құрамы санаттары және біліктілік деңгейі бойынша 55,4 % пайызды құрап отыр. Педагог- шебер біліктілік санатын бекіткен ешкім жоқ. Педагог-зерттеуші біліктілік санатын алған 8 педагог-модератор біліктілік санатын

алған 5. Мұғалімдердің әдістемелік нұсқаулықтары, ғылыми-зерттеу баяндамалары бар, педагогикалық оқуларға қатысқан, ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ топтамалары бар. АӘЖТД, дене тәрбиесі пәнінің оқу материалдық базасы, пән кабинеттері 95% көрнекіліктермен жабдықталған.

Стендтер, нормативтер, сабақ өтуге рұқсат актілер ілінген.

АӘЖТД кабинеті - 4

Дене тәрбиесі пәніне тиесілі 100,104 спорт залдар

### **Кабинет жетекшілері:**

№ 4 – Шарафутдинов С

№ 100,104 – Қалдыбек А

Жыл басында сағаттар бөлініп, жылдық жоспар бекітіліп жұмыс жасалды. 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп бағдарламасы, күнтізбелік тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелік нұсқаулық бойынша дұрыс құрастырылған. Жас маманға, мұғалімдерге өзгерістер жөнінде түсіндірілді.

Қазіргі таңда, сол жоспарға сай ағымдағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Республикалық Ұлттық мектеп лига ойындарының аудандық кезеңі өтті. Аудандық жарыстарға оқушылар үш жас ерекшелігіне қарай спорттың 9 түрінен қатысып төмендегі нәтижелерге қол жеткізе алды.

### **Ұлттық мектеп лигасы аудандық кезең**

Спорт түрі	Сыныбы	Алған орыны	Жетекшісі
Шахмат	5-6	3	Сейсембаев Махсат
Жеңіл атлетика	5-6	3	Атажанов Әмір
Тоғызқұмалақ	7-8	2	Алдабергенов Асылбек
Баскетбол (ұ)	7-8	2	Айтуов Сәбит
Баскетбол (қ)	7-8	3	Базаров Ербол
Бес асық (қ)	7-8	3	Сембек Біржан
Футбол (ұ)	7-8	2	Ақшал Ильяс
Гандбол (қ)	7-8	3	Базаров Ербол
Футбол (қ)	7-8	1	Атажанов Әмір
Футбол (ұ)	9-11	2	Ақшал Ильяс

Футбол (қ)	9-11	1	Саржанов Марғұлан
Футзал (ұ)	9-11	2	Ақшал И,Төкенов Е
Футзал (қ)	9-11	1	Саржанов Марғұлан
Баскетбол (ұ)	9-11	3	Қалдыбек Айдос
Баскетбол (қ)	9-11	3	Саржанов М
Гандбол (қ)	9-11	3	Саржанов М
Тоғызқұмалақ	9-11	1	Тасходжаев Ә
Шахмат	9-11	3	Сейсембаев М

#### **Ұлттық мектеп лигасы облыстық кезең**

Спорт түрі	Сыныбы	Алған орыны	Жетекшісі
Тоғызқұмалақ	9-11	3	Тасходжаев Әбдірашит
Футзал (қ)	9-11	2	Саржанов Марғұлан
Футбол (қ)	7-8	3	Атажанов Әмір

Оқушылардың білім сапасын көтеруге жоспарланған іс –шаралар атқарылуда. Мұғалімдерге жоғары дәрежелі төрешілермен семинарлар өткізіліп тәжірибе алмасты. Әр спорт түрі бойынша кеткен олқылықтарды бірлестік мұғалімдері арасында талқылап кемшіліктерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әр пән әдістемелік бірлестікте модерация жүргізілді.

Мектепшілік жарыстар спорттың 10 түрінен жоспарға сай өткізіліп отырды

Н.Төрөкұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің жылдық жоспарына қарай сәуір айының 29 мен мамыр айының 4 күні аралығында «Дені саудың тәні сау,дені сау ұрпақ ел болашағы» тақырыбында АӘЖТД дене тәрбиесі пән әдіс бірлестігінің апталық жоспары бекітілді. Апталық жоспарланған іс-шара бойынша қамтылды.

Ұстаздар алдына қойылған басты бағыт ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану

Апталық іс-шарасында көрсетілген әрбір бөлім бойынша, жұмыс атқарған мұғалімдер оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына бар мүмкіндіктерін жұмсады.

Сәуір айының 29 мен мамыр айының 4 күні аралығында «Дені саудың тәні сау,дені сау ұрпақ ел болашағы» тақырыбында 4-11 сынып арасында апталықтың ашылу салтанаты болып өтті.

Бірлестік жетекшісі Ә.Атажанов апталықтың іс-шарасымен таныстырды.



2 күн 30-сәуір.4 сыныптар арасында «Әкем,анам және мен» тақырыбында отбасылық сайыс өткізілді.

1 орын 4 б

2 орын 4ғ

3 орын 4е

3 күн 2-мамыр. Тоғызқұмалақ,шахматтан Тасходжаев Ә,Сейсембаев М шебер сынып сабақтар өткізді.

4 күн. 3-мамыр күні баскетболдан Айтуов С,Абдіқұлов Қ шебер сынып сабақтарын өткізді.

5 күн. 4-мамыр пән әдіс бірлестіктері арасында волейболдан жарыс болып өтті.

1 орын Орыс тілі мен әдебиеті пәб

2 орын Ағылшын тілі пәб

3 орын Технология,көркем еңбек пәб

10 сыныптар арасында «Отан отанда ыстық» тақырыбында әскерилендірілген туризм өтті.

1 орын 10в

2 орын 10г

3 орын 10а

#### **Үйірме жетекшілері (ақысыз):**

**Футбол (ұ,к) Атажанов Ә,Ақшал И,Саржанов М,Ынтымақ Ә**

**Баскетбол (ұ,к) Абдіқұлов Қ,Айтуов С,Қалдыбек А,Саржанов М**

**Волейбол (ұ,к) Атажанов Ә,Төкенов Е**

**Тоғызқұмалақ Тасходжаев Ә,Алдабергенов А,Жұмаділдаев С**

**Шахмат Сейсембаев М**

**Гандбол Айтуов С,Базаров Е,Саржанов М**

**Үстел теннисі Көпжасарұлы Д,Өмірқұлов Ә**

**Асық ату,бес асық Ынтымақ Ә,Сембек Б**

**Жеңіл атлетика Орынов Жаппар,Атажанов Ә**

#### **Ұсыныстар:**

**1.Келесі оқу жылына білім сапасы көтере отырып, нәтиже төмен болған спорт түрлерінен көрсеткішті қайталамай, жоғары көтеру нәтижесі үшін тұрақты дайындықтар жүргізу.**

**2. Білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы, өсу динамикасын бақылау,олқылықтармен жұмыс жасау.**

**3.Мұғалімдердің жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жыл бойына семинарларға белсене қатысу,ашық сабақтар кестесі бойынша сабаққа енуді ұсыну.**

## **2024 – 2025 оқу жылындағы басты міндеттер**

- ҚР «Білім туралы заңын» және «Тіл туралы заңын» басшылыққа ала отырып жылдық жоспар жасау;
- Пәннің оқытылуын мемлекеттік стандарт талаптарына сай орындауды қамтамасыз ету;
- Әдіс бірлестігінің отырыстарына қатысу және отырыстарының шешімдері мен нұсқауларының орындалуы;
- Нормативті құжаттардың және жоғары органдардан келген хаттардың орындалуын қамтамасыз ету;
- Білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы өсу динамикасын бақылау, олқылықтармен жұмыс ұйымдастыру;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс сапасын арттыру;
- Пәндік семинарлар, дөңгелек үстел, конференция және т. б. өткізу;
- Ашық сабақтарды және сыныптан тыс жұмыстарды кесте бойынша өткізу;
- Пән мұғалімдері ғылыми жобамен айналысу;
- Оқушыларды мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға дайындау;
- Өзара тәжірибе алмасу, өзара сабақтарға ену, талдау;
- Оқу кабинеттерін заманауи жабдықтау, толықтыру;
- Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін көтеруді қамтамасыз ету.

2023-2024 оқу жылының тамыз айында педагог-дефектологтардың жылдық жоспары құрылып мектеп басшысы тарапынан бекітілді. 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жылдық жоспарға сәйкес консилиум тобы құрылып, ата-аналардың өтініші бойынша оқу-жазуында қиындықтар кездесетін, танымдық қабілеті төмен оқушылар анықталып, ата-аналар жиналысы өткізілді және ата-аналарға түсіндіру үгіт насихат жұмыстарын жүргіздім. Оқушыларға консилиум толтырылып, таным әрекеттері зерттеліп ПМПК-ға ұсынылды. Түзете-дамыту сыныптарына логопедтер мен дефектологтар бекітілген. ПМПК қорытындысы мен ата-ана өтінішіне сәйкес 1-3 сыныпта түзету сыныптары ашылды. Түзете-дамыту сыныптарына логопедтер мен дефектологтар бекітілген. Арнайы құрал-жабдық, көрнекіліктермен жабдықталған. Қыркүйек айында аталған оқушылармен жұмыс жасау үшін 2022-2023 оқу жылында атқаратылатын жылдық жұмыс жоспары түзіліп, бекітілді. Түзете-дамыту сыныбындағы түзету сабақтары оқу жоспарына сәйкес білімдерінде жетіспеушілігін жетілдіруге арналған сабақтар жүйесінде өтілді. Логопедия – аптасына 3 рет, түзету – аптасына 4 рет, белсенді қозғалыс аптасына-1 рет, ритмика-аптасына 1 рет жеке және

топтық сабақтар- аптасына 2 рет өтіледі. Қазан айында түзете-дамыту сыныбындағы оқушыларды тіркеу, есепке алу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылардың диагностикалық нәтижелері сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылды. Түзете –дамыту сыныбындағы оқушылардың күнделікті сабаққа кіріп қатысуын қамтамасыз ету мен таным қабілеті төмен оқушыларды мектеп бағдарламасы бойынша сәтті игерту жұмыстары жүргізілді. 18 қазан күні Логопедиялық ойындар тақырыбында ашық сабақ өткіздім, онда түрлі дидактикалық құралдар пайдаландым. Мақсатым балалардың ұсақ моторикасын, тыныс алуын, сөйлеу мүшелерінің қимыл қозғалысын дамыту. Қараша айында осы оқушылармен жоспарға сай сабақ өткізу, оқушыларды қызықтыру мақсатында көрнекі дидактикалық материалдар қолдану жүйелі түрде ұйымдастырылған. Түзету, логопедия сабақтары арқылы, осы уақыт аралығында Ғамит Әмина Л дыбысын қою бойынша сабақты сәтті игерді. Дегенмен әлі де сөзде, сөйлемде алмастыру кездестіріледі Р дыбысын қою бойынша әліде жұмыстар жүргізілуде. Берікбаева Әмина жыл басына қарағанда оқуында, дыбыс айтуында жақсы нәтижеге жетті. Жамантай Айару Диктантты жақсы жазады. Ата-анасымен бірге жұмыс жасауды әліде қажет етеді. Аталған оқушылармен дәптермен жұмыс, көшірме жұмыстары мен мәтіндік оқулар, суретпен жұмыс барысында қалып кеткен әріптерді толықтыру тапсырмалары берілді. Тапсырмаларды орындау барысында дефектолог, ата-ана көмегін қажет етті. Досан Асыжанның отбасы қадағалауына байланысты жазуы нашар, баяу. Осы тұрғыда ата-анасына кеңес, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша жұмыс жасау барысында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды мектеп бағдарламасы бойынша сәтті игерту іске асырылды. Жылдық жоспарға сай психикалық дамуы тежелген оқушылармен, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жеке және шағын топтарда сабақ өткізілді. Сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында видео көріністер, тілдік ойындар, көрнекіліктер қолданылды. Желтоқсан айында педагог-психолог М.Конакбаевамен бірлесе жұмыс жасалынды. Балалардың даму динамикасын жасадым және баланың психологиялық-педагогикалық картасы, зерттеу нәтижесінің бланкасы, мониторинг жасалынды.







Сәуір айында жылдық жоспарға сәйкес консилиум тобы құрылып, ата-аналардың өтініші бойынша сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушылар мен таным қабілеті төмен оқушылар анықталып, оқушылардың сөйлеу карталары толтырылып, таным әрекеттері зерттеліп ПМПК-ға ұсынылды. 2023-2024 оқу жылына сынақ мерзімімен қортынды алған оқушылар арасында осы уақытқа дейін 1»д түзете дамыту сыныбында сабақ үлгерімінің жақсарып, жеке сабақтардан жақсы нәтиже шығаруына байланысты 3 оқушы өз сыныптарына ауысады. Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілі

бұзылған балалармен диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу. Сыныптағы балаларға сөйлеу тілінің қарым – қатынастық сөздік қорын дамытуға «Бауырсақ», «Шалқан» ертегілерінің кейіпкерлеріне бөлініп, дауыс ырғағын өзгертіп үйренді. Сюжетті суреттер бойынша екі, үш құрылымды сөйлем құрап, үш – төрт сериялы сюжетті суреттерден әңгіме құрастырады. Дыбыстану қатарына келетін болсақ дауысты дыбыстар қатарын дұрыс айтылуын қадағаланып, «еріндік» [П], [Б], «бұғақтық» [Қ], [Ғ], «ызың» [Ш],[Ж], «ысқырық»[С], [З] дыбыстарына түзету жұмыстары жүргізілді. Берікбаева Раяна, Ғабит Әмина , Жамантай Айарумен ротацизм бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: жоғарыда айтылған логопедиялық түзете-дамыту жұмыстары толығымен қамтылып жатыр. Сөйлеу тілінің түсінуін дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды «Мектеп құралдары», «Жабайы аңдар» «Қыстайтын құстар», «Жәндіктер»,«Жыл мезгілдері» т.б. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді. Бет бұлшықеттеріне арналған емдік уқалау жоспарланып, жасалды. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренуде. Сонымен бірге дыбыстар қатары анықталып, оларды қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар қатарын игерді. «Р» дыбысын қою барысында тілдің алдыңғы бөлігін альвеолаға тигізу, ажырату жүзеге асады.

Кеңес Нұрәли, Темірхан Әмірханға ,Досан Асылжанға саусақтарының қимыл-қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар, ұсақ заттармен жұмыс, қарындашпен жұмыс түрлері кеңінен жүргізілді.

Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрлымын түсінуге, сөз бен сөзді , сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға үйренді. Алдағы уақытта ата-аналар балаларымен сауаттылықты арттыру мақсатында есептер шығартып, диктант жаздырып, көркем жазуларын қадағалау жұмыстарын жасауға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Сәуір айында жылдық жоспарға сәйкес консилиум тобы құрылып 2024-2025 оқу жылына ата-аналардың өтініші бойынша сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушылар мен таным қабілеті төмен оқушылар анықталып, оқушылардың сөйлеу карталары толтырылып, таным әрекеттері зерттеліп 2, 4 сынып үшін инклюзивті білім беру бағдарламасы негізінде түзете - дамыту сыныбын ашуға ПМПК-ға сұраныс тасталынды.1-Д сыныбында 3 оқушы жақсы нәтиже беріп өз сыныптарына ауысып ,2 жаңа оқушы зерттеу,бақылау жұмыстарыан өтіп келді олар Пазылбек Көркем,Пазылбек Сымбат 1Е сыныбынан ауысып келді Арнайы 1 «д» сынып үшін – 10 оқушы , 3 «д» сынып үшін - 10 оқушы, логопункт -17 оқушы және Ресурстық орталыққа тартылған ассистенттің көмегін алатын 2 бала . Жеке сабаққа келетін екі бала алынды.

Қорытынды: Түзете-дамыту сыныптарын мектебімізде дамыту, түзете-дамыту сыныбындағы және тіл кемістігі бар балаларды оқыту барысында арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану, коррекциялық жұмысты ұйымдастыру және топпен өткізу. Ұсыныс: жалпы білім беретін мектеп жағдайында «Түзете дамыту сыныптары» жайлы мұғалімдер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.



## Білім алушылар контингенті

### 2021 жылдың қыркүйек айындағы мәлімет бойынша

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша оқу жылын 1446 оқушы аяқтады.

МАД		1-сынып		2-сынып		3-сынып		4-сынып		1-4	
топ	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
6	107	8	158	8	147	8	150	7	139	31	594

5-сынып		6-сынып		7-сынып		8-сынып		9-сынып		5-9	
Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
7	136	8	156	6	140	7	150	4	89	32	671

10-сынып		11-сынып		10-11		1-11		0-11	
Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
5	110	4	71	9	181	72	1446	78	1553

### Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контингенті (жеке үйде оқыту)

Сыныптар	2023-2024
1-4 сыныптар	3
5-9 сыныптар	5
10-11 сыныптар	1
<b>Барлығы:</b>	9

### Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контингенті (инклюзив сыныптары)

Сыныптар	2023-2024
1-4 сыныптар	20
5-9 сыныптар	0
10-11 сыныптар	0
<b>Барлығы:</b>	20

Сабақ режимі білім алушылардың оқу жүктемесі 2023 жылдың 31 тамыздағы №1 пед.кеңестің шешімімен бекітіліп, мектеп мына режиммен жұмыс істеп келеді: ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу сабақтарының ауысымдығын ескере отырып, мектеп әкімшілігі қызметкерлердің жұмыс уақыты режимі мен оқушылардың сабақ режимін белгіледі. Сабақ режимі екі ауысымдық. Бұйрыққа сәйкес оқу кабинеттері мен ауысымдар бойынша сыныптар бөлінді. 1-11 сыныптар оқушылары үшін 5 күндік оқу аптасы;

Сабақтың ұзақтығы 45 минут.

I ауысым – оқу сабақтары 8:00-де, II ауысым – оқу сабақтары – 14:00-да басталады. Апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.



## 2023 – 2024 оқу жылы бойынша қорытынды аттестаттау қорытындысы

Оқыту тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2024 жылғы 29 мамыр;

• Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 03 маусым;

• қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 2024 жылғы 06 маусым;

• Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан(физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі(ағылшын), – 2024 жылғы 10 маусым күні өткізілді

9 сыныптар бойынша 88 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты. (1 оқушы ақыл-ой кемістігі бойынша үйде оқытылады)

Жалпы 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы мына төмендегідей болды.

### Ана тілі (эссе) (қазақ бөлімі)

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Қазақ тілі (оқыту тілі) эссе	89	88	20	39	29	44,3%

### Математика (алгебра)

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Алгебра және анализ бастамалары	89	88	9	25	54	38,6%

### Орыс тілі мен әдебиеті

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Орыс тілі мен әдебиеті	89	88	11	34	43	51,1%

### Таңдау пәндері:

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Биология	24	24	1	11	12	50%
2	География	21	21	2	11	8	61,9%
4	Қазақстан тарихы	23	23	2	7	14	39,1%
5	Физика	20	20	4	9	7	65%

Мектептің 9 сыныбын 89 оқушы білім алуда. Олардың екеуі «негізгі орта мектеп курсы» бітіргендігі туралы «Үздік аттестатқа» үміткер. 1 оқушы үйден оқып, қорытынды аттестаттау емтихандарынан босатылды. 2024 жылғы 29 – 10 маусым аралығында 9 сыныптарда қорытынды аттестаттау емтихандары өтті.

29 мамыр күні ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан; 3 маусым күні математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан; 6 маусым күні орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан, 10 маусым күні таңдау пәні (физика, биология, география, Қазақстан тарихы (оқыту тілі бойынша), бойынша жазбаша емтихан алынды.

9 сынып қорытынды аттестаттау емтихандары ережеге сай алынып өткізілді, емтихандарға келмей қалған оқушы болған жоқ. Қорытынды аттестаттау емтихандарына қатысқан оқушылар «Өте жақсы», «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға жауап беріп өз білімдерін дәлелдеп шықты.

1. Жылдық және қорытынды аттестаттау емтихандары бағалары тәжіесі бойынша «Өте жақсы» деген бағаға аяқтаған төмендегі 9 сынып оқушыларына негізгі орта мектеп курсы бітіргендігі туралы 2 дана үздік аттестат берілді.

1. Әскербек Бағлан 9 «А» сыныбы

2. Рахатқызы Алтынай 9 «Ә» сыныбы

2. Жылдық және емтиханның қорытынды бағалары нәтижесі бойынша «Жақсы» және «қанағаттанарлық» деген бағаға аяқтаған 9 сынып оқушыларына жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы 86 дана жай үлгідегі аттестат берілді.

3. Қорытынды емтиханнан босатылған 9 сынып оқушысына 1 дана БТ сериялы үлгідегі аттестат берілді.

1. Серік Мирас

1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 11 маусым.

11 сыныптар бойынша 71 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты.

Жалпы 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау қорытындысы мына төмендегідей болды:

Ана тілі (эссе)

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Ана тілі (оқыту тілі) эссе	71	71	22	33	16	77,4%

Алгебра және анализ бастамалары

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
---	--------------	------------------	-------------------------------	--------------------------	-------------------------------	---------------------------------	--------------

1	Алгебра және анализ бастамалары	71	71	12	24	35	50,7%
---	---------------------------------	----	----	----	----	----	-------

#### Қазақстан тарихы

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Қазақстан тарихы	71	71	26	28	17	76%

#### Орыс тілі мен әдебиеті

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Орыс тілі мен әдебиеті	71	71	14	35	22	71%

#### Таңдау пәндері:

№	Пәннің атауы	Жалпы оқушы саны	Емтиханға қатысушылардың саны	«Өте жақсы» тапсырғандар	«Жақсы» бағасына тапсырғандар	«Қанағат» бағасына тапсырғандар	Білім сапасы
1	Биология	19	19	5	6	8	57,8%
2	География	17	17	5	7	5	70,5%
3	Қазақ әдебиеті	35	35	10	13	12	65,7%

Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің 11 сыныбын 71 оқушы аяқтады. Олардың 1-уі жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы «Алтын белгі» белгісі, 5-і жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы «Үздік аттестат», оқушы жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі жөніндегі аттестатқа үміткер. 2024 жылғы 28 мамыр – 11 маусым аралығында 11 сыныптарда қорытынды аттестаттау емтихандары өтті.

28 мамыр күні ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан; 31 мамыр күні математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан; 4 маусым күні Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан, 7 маусым күні орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан, 11 маусым күні таңдау бойынша пәннен (биология, география, қазақ әдебиеті) жазбаша емтихан.

11 сыныптың қорытынды аттестаттау емтихандары ережеге сай алынып өткізілді, емтихандарға келмей қалған оқушы болған жоқ. Қорытынды аттестаттау емтихандарына қатысқан оқушылар «өте жақсы», «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға жауап беріп өз білімдерін дәлелдеп шықты.

Жылдық және қорытынды аттестаттау емтихандары бағалары нәтижесі бойынша «Өте жақсы» деген бағаға аяқтаған төмендегі 11 сынып оқушысына жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы «Алтын белгі» белгісі берілді.

1.Болатбек Дінмұхаммедәлі Нұрисламұлы 11 «А» сыныбы

Жылдық және қорытынды аттестаттау емтихандары бағалары нәтижесі бойынша «Өте жақсы» деген бағаға аяқтаған төмендегі 11 сынып оқушыларына жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы 5 дана «Үздік аттестат» берілді.

1. Әбубәкірұлы Мұзарт 11 «А» сыныбы
2. Сайлаубек Айгерім Елеусізқызы 11 «А» сыныбы
3. Жолдас Назерке Серікқызы 11 «Ә» сыныбы
4. Жалғасбек Гүлзат Нұралықызы 11 «Б» сыныбы
5. Гниязова Камила Гадирқызы 11 «Б» сыныбы

Жылдық және емтиханның қорытынды бағалары нәтижесі бойынша «Жақсы» және «қанағаттанарлық» деген бағаға аяқтаған 11 сынып оқушыларына жалпы орта мектеп курсы бітіргендігі туралы 65 дана жай үлгідегі аттестат берілді.

*Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде өлшемшарттар: білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;*

**2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының түсінік хаты**

**Мектепалды даярлық сыныптары**

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарындағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығының 3-қосымшасы негізінде бекітілген мектепалды даярлық сыныптарының үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешілері түрлі педагогикалық іс-әрекетті дайындық сыныбының күн тәртібі бойынша іске асырады: таңертеңгі қабылдау, ертеңгілік жаттығу, балалармен қарым-қатынас жасау, сабақтар, серуендер, гигиеналық және шынықтыру шаралары, еңбек, сюжетті-рөлдік, шығармашылық, дидактикалық және қимылды ойындар, ата-аналармен жұмыс.

Мектепалды дайындық сыныптарында оқу жылының ұзақтығы -33 апта.

Сабақтардың ұзақтығы – 25-30 минут.

Апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі -20 сағат.

\*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1 -қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары және оқыту қазақ тілінде жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары 4 – қосымшасы басшылыққа алынды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 - 4 сынып оқушылары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023ж №264 бұйрықтың 53 - қосымшасы, 10 тарау үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл –ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Білім алушылардың дайындық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Сабақтардың ұзақтығы – (белгіленген уақытқа шейін 1-сыныпта 35 минут) 45 минут.

Апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі :

1 –сыныптарда -19,5 сағат және үйден оқу 12,5; 2 –сыныптарда – 24 сағат; үйден оқыту -14 сағат, 3- сыныптарда - 26 сағат, үйден оқыту -14 сағат, 4- сыныптарда -26 сағат.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2-сыныптан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

1-4 сыныптарда вариативті компонент сағаттары көркем жазу мен қызықты математика пәніне, берілді. Осы пәндер бойынша оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту негізгі бағыт болып алынды.

## **5-9 сыныптар**

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «30» 09 № 412 бұйрығына ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 19-қосымша басшылыққа алынды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар 5-9 сынып оқушысы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 12.08.2022ж №365 бұйрық, 55- қосымшасы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағат, үйде оқыту – 10 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, үйден оқыту 10 және 18 сағат; 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды. Лицей сыныптарында 5 сыныпта – 33,5 сағат, 6 сыныпта – 33,5 сағат, 7 сыныпта – 35,5 сағат, 8 сыныпта – 37,5 сағат, 9 сыныпта – 40 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен жаһандық құзыреттілік курсы 5-8 сыныптар үшін оқу жүктемесінің көлемі аптасына 0,5 сағат- оқу жылында сәйкесінше -17 сағат және 9-11 сыныптарда - аптасына -1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Сабақтардың ұзақтығы – 45 минут.

### **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

## 10-11 сыныптар

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 85,86 - қосымша, жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38,39-қосымшасы негізінде бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша (38 қосымша) жаратылыстану-математика бағыт бойынша (39 қосымша) жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023ж №264 бұйрықтың 53 - қосымшасы, 10 тарау үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл –ой кемістігі бар басшылыққа алынды.

\*\*\*Жаратылыстану-математикалық пәндерін жоғары сыныптарда оқытуды күшейту мақсатында «Физика», «Химия», «Биология» пәндері бойынша жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарындағы жүктемеге өзгерістер енгізілді. Сағаттардың ұлғаюы инварианттық бөлікте (1 сағат) жүргізілді, сондықтан қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептерде 10-11-сыныптарда бұл пәндер бойынша апталық жүктеме аптасына 2 сағатты құрайды.

Міндетті оқу пәндері қатарына "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті", "Шетел тілі", "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел тілі", "Дүниежүзі тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

10-11-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды.

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сай жүргізілетін вариативті компоненттегі сағаттарға түсінік хат**

**1-а,ә,б,в,г,ғ,е,д сыныптар бойынша таңдау пәнінен көркем жазу пәні:**

1 - сыныптағы «Көркем жазу» таңдау пәнінің негізгі мақсаты қазақ тілі сабақтарындағы алған білімдерін одан әрі шыңдау. Сабақ үстінде оқушылардың негізгі білім, білік дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып



табылады.

Ал каллиграфия ережелерін сабақ үстінде оқушыларға толық меңгерту оңайға түспейді. Оқушылардың каллиграфиясын қалыптастыруда бұл пәннің рөлі ерекше. Жатқа жазу, көшіріп жазу, шағын шығармалар оқушылардың зейінін, есту қабілеттерін, есте сақтауды дамытады. Сондай - ақ жоспарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын жұмыс түрлері бар. Сонымен қатар оқушылардың ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтуге өз ықпалын тигізеді. Көркем жазу оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын көбейтіп, сөйлеу тілін жетілдіреді.

### **1 д түзете дамыту сыныбы**

**«Қызықты математика»** «Математикада» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы таңдау курсы арқылы оқушылардың есепті дұрыс шығаруға логикалық ойлау қабілеттері артады. «Математика» пәніндегі сияқты заттарды геометриялық пішіндерді, сандарды салыстыра білуге, математикалық ұғымдар арасындағы қарам-қарсы байланыстарды анықтай білуге үйретеді.

Балалардың танымдық қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып, қызығушылығы төменгі деңгейдегі, оқушылық деңгейге арналып құрылған. Жұмыс дәптерінде орындауға берілген жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың математика пәнінен алған білімдерін бекіте түседі.

### **«Айналадағы әлем»**

«Айналадағы әлем» – адам, қоғам және табиғаттың өзара қарым-қатынасы және өзара келісілген білімдер жүйесін қалыптастыруға бағытталған, кіріктірілген пән. Пәнді оқыту нысаны – адам, табиғат, қоғам сонымен қатар, отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта. Курстың басты бағыты – қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру негізінде сөйлеу тілін дамыту. Тілдің коммуникативті қызметімен бірге реттеуші қызметі де дамиды. Балаларды қаратпа сөздерді түсінуге, қажетті нұсқауларды орындауға, өзінің әрекетін мұғалімнің талаптарына сай бағындыруды үйретеді. Коммуникативті құрал ретінде сөйлеу тіліне үйрету құрдастармен, ересектермен қарым-қатынас жасай алу дағдыларын қалыптастырумен анықталады. Тілдің лексикалық, синтаксистік, қиысынды ауыз екі сөйлеу жақтары дамиды.

### **2-а,ә,б,в,г,ғ,е,ж**

#### **сыныптар бойынша таңдау пәнінен қызықты математика:**

**«Қызықты математика»** «Математикада» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы таңдау курсы арқылы оқушылардың есепті дұрыс шығаруға логикалық ойлау қабілеттері артады. «Математика» пәніндегі сияқты заттарды геометриялық пішіндерді, сандарды салыстыра білуге, математикалық ұғымдар арасындағы қарам-қарсы байланыстарды анықтай білуге үйретеді.

Балалардың танымдық қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып, қызығушылығы төменгі деңгейдегі, оқушылық деңгейге арналып құрылған. «Математика» оқу пәнінде жіберілген қателіктерді түзетіп, 3 сыныпта тереңдетіп оқытуға дайындау үшін «сандарды оқу, жазу, салыстыру, қосу, азайту, көбейту, бөлуге біртіндеп тапсырмалар күрделендіріледі. Жұмыс дәптерінде орындауға берілген жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың математика пәнінен алған білімдерін бекіте түседі.

**«Көркем жазу»** «Көркем жазу» курсы бойынша 2 сыныптарға арналған. Оқу құралы оқушылар бойында төмендегідей білім, білік, дағдыларды қалыптастырады: 2 сынып оқушыларына арналған «Көркем жазу» курсы 34 сағатқа есептелген. Әрбір сабақ 2 бөлімнен тұрады: 1 бөлім – теориялық тұрғыдан түсіндірілсе, 2 – бөлімде оқушыларға тапсырмаларды әдемі, көркем етіп жазуға ұсынылады. Сабақтың 1-бөлімі оқушының қызығушылығын ояту, сыныпта жағымды атмосфераны орнату, психогимнастикалық серпіліс жасау жаттығуларынан басталады. Тақырып бойынша әріп элементін жазу ережесімен таныстырылады, әріптің көлемі біркелкі болуы, кіші әріптің биіктігі – 3 мм, бас әріптің биіктігі 7 мм өлшемдерді сақтап жазу қажеттігі ескертіледі. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, сергіту жаттығулары орындалады.

Сабақтың 2-бөлімі жазу дәптерімен жұмыс жасауға арналған 5 тапсырмадан тұрады, оның:

**Бірінші** тапсырмасы – көшіріп жазу әдісі бойынша дайын әріп элементтерін таза, әдемі етіп жазуға негізделген. Бұл тапсырманы оқушы мұғалімнің көмегімен орындайды.

**Екінші** тапсырма – оқушылардың сөздер арасындағы ара қашықтықты сақтап, байланыстыра жазуға, сонымен бірге оқушылардың логикалық ойлауын қозғап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген. Тапсырманы орындауда оқушы сызықтық әдіс, теріп жазу әдісі, сөйлемді аяқтау әдісін қолданады, түрлі сөзжұмбақтар мен суретті жұмбақтардың шешімін тауып жазады.

**Үшінші** тапсырманы орындау – оқушының өздігінше жұмыс жасауын, берілген мәтінді таза, әдемі етіп көшіріп жазу, мәтінді өзіндік пікірмен аяқтап жазуды талап етеді. Тапсырма ізденіс арқылы оқушының пікірін жинақтауына бейімделген.

**Төртінші** тапсырма – түрлі әдістерге негізделген, мысалы: өлеңді жатқа жазу, тест тапсырмаларын шешу, дұрыс жауаптарын бояу, «Топтастыру» ойыны, мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын ашып жазу, «Лездемеге жауап жаз» ойыны, «Сөз ішінде сөз» ойыны, «Адасқан буындар» ойыны, жүргізіп жазу техникасын қолдану және т.б. Мұғалім осындай әдістерді қолдану арқылы оқушыларда ой қозғап, білімдерін бекітеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім семантикалық карта арқылы оқушылармен жазба түрде рефлексиялық байланыс жасайды.

**Бесінші** тапсырма – үйде орындауға негізделген, мұнда тақырып бойынша берілген әріптерге сөз, сөйлем құрастырып жазу, өлең жолдарын көшіріп, тиісті әріптерді теріп жазу секілді жаттығуларды орындайды.

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

### **3-а,ә,б,в,г,ғ,е,д сыныптар бойынша таңдау математика пәні:**

«Қызықты математика» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы таңдау курсы арқылы оқушылардың есепті дұрыс шығаруға логикалық ойлау қабілеттері артады. «Математика» пәніндегі сияқты заттарды геометриялық пішіндерді, сандарды салыстыра білуге, математикалық ұғымдар арасындағы қарам-қарсы байланыстарды анықтай білуге үйретеді. 3 сыныпта тереңдетіп оқытуға дайындау үшін «сандарды оқу, жазу, салыстыру, қосу, азайту, көбейту, бөлуге біртіндеп тапсырмалар күрделендіріледі.

### **4-а,ә,б,в,г,ғ,е сыныптар бойынша таңдау пәнінен математика пәні:**

**«Қызықты математика»** - таңдау курсы. Бұл курс арқылы оқушылар негізгі пән «Математикада» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы таңдау курсы арқылы оқушылардың есепті дұрыс шығаруға логикалық ойлау қабілеттері артады. «Математика» пәніндегі сияқты заттарды геометриялық пішіндерді, сандарды салыстыра білуге, математикалық ұғымдар арасындағы қарам-қарсы байланыстарды анықтай білуге үйретеді. Жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу барысында кездесетін кедергілерді жою, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау барысында, бір сыныпта әр түрлі деңгейдегі оқушыларға білім беруді тиімді ету қарастырылуда. Балалардың танымдық қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып, қызығушылығы төменгі деңгейдегі, оқушылық деңгейге арналып құрылған. Сонымен бірге, бұл деңгейдегі оқушылардың «Математика» оқу пәнінде жіберілген қателіктерді түзетіп, сандарды оқу, жазу, салыстыру, қосу, азайту, көбейту, бөлуге біртіндеп тапсырмалар күрделендіріледі. Жұмыс дәптерінде орындауға берілген жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың математика пәнінен алған білімдерін бекіте түседі

### **5 - 8 сыныптар бойынша жахандық күзіреттіліктер курсы бойынша**

**«Парасаттылық және әдеп»** курсы білімалушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

**«Экология»** курсы білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді.

#### **Жаратылыстану пәнінен:**

Қазіргі әлемде ғылыми – жаратылыстану білім беруден ерекше маңызға ие. Білім алушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғымды қалыптастыру, табиғатты танудағы ғылыми әдістерін ашу, терең білім беру.

### **9 сыныптар бойынша жахандық күзіреттіліктер:**

**«Зайырлылық және дінтану негіздері»** курсы оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған.

### **10 «а», «б» сыныптары бойынша жаратылыстану – математикалық бағыттағы элективті курстар:**

**Биология** пәнінен білім алушылардың таңдау курсы бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану және тәжірибеге бағытталған біліктілік мен дағдыларын дамыту. Бейінді оқудағы таңдау курстарының мақсаты оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

#### **Жахандық күзіреттіліктер: «Кәсіпкерлік және бизнес**

**негіздерін»** оқытырып, білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренеді, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алады, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгереді.

**10 «ә», «в» сыныптары бойынша қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы элективті курстар:**

**Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша** Целью обучения учебному предмету «Русский язык и литература» является совершенствование навыков речевой деятельности, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, что способствует развитию функциональной грамотности обучающихся.

**Жахандық күзiреттiлiктер: «Кәсiпкерлiк және бизнес**

**негiздерiн»** оқи отырып, бiлiм алушылар кәсiпкерлiк негiздерiн, қаржылық сауаттылықты үйренедi, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық бiлiм алады, қазiргi нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшiн қажеттi кәсiпкерлiк ойлау дағдыларын меңгередi.

**11 «а», «б» сыныптары бойынша жаратылыстану – математикалық бағыттағы элективті курстар:**

**Биология, география** пәндері оқыту оқушыларға оқу, жобалау – зерттеушілік, шығармашылық іс – әрекетке, өзiдiгiнен бiлiм алуға талпындыру, тiрi жүйелерге, маңызды классикалық және заманауи жетiстiктерге қатысты ғылыми танымдық әдiстердi меңгерту, өзiдiгiнен жұмыс iстеу дағдыларын дамыту.

**11 «ә», «в» сыныптары бойынша қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы элективті курстар:**

**Абайтану курсының мақсаты** - ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, ұлттық идеологияны бойына сiңiрген, халқымыздың әдебиетiн, өнерiн, салт-дәстүрiн, мәдениетiн, тiлiн ұлттық құндылық ретiнде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, бiлiм, бiлiк, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын iс жүзiнде өз кәдесiне жарата бiлетiн, ұлттық сана-сезiмi қалыптасқан, өркениеттi қоғамда өмiр сүруге лайықты, терең ойлайтын тұлға қалыптастыру.

**«География» пәнінің мақсаты** – оқушылардың қоғам мен географиялық кеңiстiктiң барлық деңгейлерiнде туындаған геозкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтiк, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық бiлiмдерiн, бiлiктерi мен дағдыларын қолдану үшiн жағдай жасау.

**«Кәсiпкерлiк және бизнес негiздерiн»** оқи отырып, бiлiм алушылар кәсiпкерлiк негiздерiн, қаржылық сауаттылықты үйренедi, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық бiлiм алады, қазiргi нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшiн қажеттi кәсiпкерлiк ойлау дағдыларын меңгередi.